



INTERNATIONAL TARAZ  
INNOVATIVE INSTITUTE  
NAMED AFTER SH. MURTAZA

**«БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ  
САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ: ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН  
БОЛАШАҒЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**ТАРАЗ - 2023**

---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ» КАФЕДРАСЫ**

**«Бұқаралық спорт түрлерінің даму жолындағы салауатты өмір салты: өзектілігі  
мен болашағы» атты облыстық ғылыми-практикалық конференциясының**

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

Қазақстан, Тараз. 2023 жыл 7-8 желтоқсан

**СБОРНИК ТРУДОВ**

**Областной научно-практической конференции «Здоровый образ жизни на пути  
развития массовых видов спорта: актуальность и перспективы»**

Казахстан, Тараз. 7-8 декабря 2023 года

Тараз - 2023

ӘОЖ 373(072)

КБЖ 74.267.5

### Редакция алқасы/Редакционная коллегия

Баяндин М.А.(төраға), Абдуалы А.Б., Сулейменов Ж.Т., Тажибаев С.Д., Кадырова А.С., Қожамжарова Л.С., Буюклиев Н., Кулабекова Г.К., Тастанбекова К.Н. Курманбекова А.С., Сапарғалиева С.Н., Шокалакова С., Джекенов П.С., Шилибаев Б.А., Абдраков Б.К., Минарбеков И.К., Абдикеримов С., Сариев А.У., Сағымбаев Б.Т., Жұмағұл А., Танаев К.Т., Мұсабеков С.

**«Бұқаралық спорт түрлерінің даму жолындағы салауатты өмір салты: өзектілігі мен болашағы»** атты облыстық ғылыми-практикалық конференция жинағы Қазақстан, Тараз. 7-8 желтоқсан 2023 ж. - бет

**«Здоровый образ жизни на пути развития массовых видов спорта: актуальность и перспективы»** сборник трудов областной научно-практической конференции. Казахстан, Тараз. 7-8 декабря 2023 г. - стр.

ISBN 978-601-7155-34-8

*2023 жылдың 7-8 желтоқсанда облыстық ғылыми-практикалық конференцияның «Бұқаралық спорт түрлерінің даму жолындағы салауатты өмір салты: өзектілігі мен болашағы» жалпы дене шынықтыру және спорт мамандарының ғылыми-зеттеу жұмыстарының мақалалар жинағы. Конференцияда келесі бағыттар бойынша ғылыми мәселелер қарастырылды: Жаңа білім беру мазмұнындағы дене шынықтыру пәндерінің өзекті мәселелері; Дене шынықтыру және спорт мамандарының теориялық білімдері, тәжірибелік дағдыларын дамытудағы жоо мен орта мектеп байланысы; Дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру мәселелері.*

*Дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған.*

*Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы материалдар бойынша дайындалған, электронды түрде ұсынылған. Материалдардың мазмұны үшін жауапкершілік мақала авторлары.*

*7-8 декабря 2023 года региональная научно-практическая конференция «Здоровый образ жизни на пути развития массовых видов спорта: актуальность и перспективы» представляет собой сборник статей научно-исследовательских работ общего специалиста по физической культуре и спорту. На конференции были рассмотрены научные вопросы по следующим направлениям: актуальные вопросы предметов физического воспитания в содержании нового образования; Связь начальной и средней школы в развитии теоретических знаний и практических навыков специалистов физической культуры и спорта; Проблемы повышения профессиональной квалификации учителей физической культуры.*

*Предназначен для специалистов физической культуры и спорта.*

*Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде.*

*Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.*

ӘОЖ 373(072)

КБЖ 74.267.5

ISBN 978-601-7155-34-8

© Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ, 2023

© МТИИ имени Ш.Муртазы, 2023

**МАЗМҰНЫ**

<b>СЕКЦИЯ 1</b>	<b>ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНДЕРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	6
	<b>КЛЮЧЕВЫЕ ВОПРОСЫ ПРЕДМЕТОВ ФИЗИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЙ В НОВОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ СОДЕРЖАНИИ</b>	
	Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру курстарының тиімділігі мен маңыздылығы <b>Шилибаев Бекболат Аманжолович., Джекенов Пахыт Сулейманович</b>	6
	Жаман әдеттер немесе салауатты өмір салты <b>Мойлауов Ануар Абдул-Азизұлы</b>	8
	Тәрбие әдістерін тиімді пайдалану жолы <b>Танаев Қонысжан Төлебаевич</b>	13
	Жаттықтырушылардың кәсіби дайындығын жетілдіруі жолдары <b>Дүйсенбиев Жақсылық жамбылович</b>	16
	Дене тәрбиесі жұмыстарын мектепте ұйымдастыру түрлері <b>Шилибаев Нурболат Аманжолович., Джекенов Ержан Сулейманович</b>	18
	Жарыстардың спорттық - психологиялық мәні <b>Каржаубаев Махамметкул Фазилбекович</b>	21
	Болашақ жеңістердің бастауы, ол бұқаралық спорт <b>Тұрсынбекова Жанна Канатбековна</b>	23
	Тәрбие әдістерін тиімді пайдалану жүйесінің әсері <b>Тастандиев Манат Қыркынбаевич</b>	25
	Бұқаралық спорт арқылы жоғары шеберлікке жету мәселелері <b>Салабекова Гүлмира Бейсенбековна</b>	28
	Еліміздегі спортшылардың бағытындағы іс-тәжірибе мәселелері <b>Қасымқулова Аселхан Пазылжановна</b>	31
	Бұқаралық спорт арқылы саламатты өмір салтын қалыптастыру <b>Әуесбек Нұрғиса Қамарұлы</b>	33
	Дзюдодағы жаттықтырушының негізгі қызметтері <b>Уанасов Жамбылбек Таласбекович</b>	35
	«Шертпе» (Сақамен асықтарды шертіп алу ойыны). <b>Усипбаев Нурбол Мейрамбекович., Шилибаев Бекболат Аманжолұлы</b>	38
Самбо күресінің бай әдіс айдаларының жиынтығы <b>Төрбеков Ербосын Кенжетайұлы</b>	41	
Білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу мәселері. <b>Айтуов Мұхтар Орынбиевич</b>	45	
Жасөспірімдер тәрбиесіндегі спорттық үйірмелердің маңызы <b>Нургабылов Бакзат Аспандиярович., Тұрғанов Берік Алдабергенұлы</b>	48	
<b>СЕКЦИЯ 2</b>	<b>ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРІ, ТӘЖІРИБЕЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫНДАҒЫ ЖОО МЕН ОРТА МЕКТЕП БАЙЛАНЫСЫ</b>	52
	<b>СВЯЗЬ УНИВЕРСИТЕТА И СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ В РАЗВИТИИ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ, ПРАКТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ ФИЗИЧЕСКИХ И СПОРТИВНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ</b>	
	Қозғалмалы ойындарды өткізуге қойылатын педагогикалық талаптар <b>Қурманбекова Айгуль Саукымбековна</b>	52

Спорт бұл өмір, қуаныш, денсаулық <b>Науатов Серикхан Кадирханович., Тустикбаев Нурбол Ашимкулович., Абдикулов Мадихан Жаксылыкович</b>	54
Как мотивировать учеников к уроку физической культуры <b>Аяганова Айгул Базарбековна., Имашева Эльмира Асановна</b>	57
Спорттық іріктеудегі спорттық іс-шара ерекшеліктері <b>Жазықбай Арман Жүнісбекұлы</b>	60
Дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны. <b>Тустыкбаев Марат Кенжебекович</b>	62
Жоғары шеберлікке жету мәселелерін бұқаралық спорт арқылы өрісін кеңейту жолдары <b>Байлыбеков Толенди Рахметуллаевич</b>	66
Іріктеу және спорттық бағдарлау деңгейлерінің жіктелуі <b>Таубеков Ерсұлтан Ергалиевич</b>	69
Дене тәрбиесі жүйесіндегі ерекше қағидалар <b>Турғымбекова Заура Берікбайқызы</b>	71
Улучшение навыка анализа у учащихся 8- классов через кейс-метод на уроках физической культуры. <b>Уколов Данил Андреевич</b>	73
Дене қасиеттерін қалыптастыру және қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне оқыту әдістемесі. <b>Халмуратова Жумагуль Ташпулатовна</b>	75
Мектептегі үлкен теннис <b>Тлеубаева Аида Нуралиевна</b>	77
Қазіргі қоғам өмірінің жағдайында дене шынықтыру мен спорттың өзекті мәселелері. <b>Алмышева Салтанат Бактыбековна</b>	80
Волейболдың даму тарихы <b>Мұсабеков Сауран Өміржанұлы</b>	82
Еркін күрес түріндегі айла-тәсілдерді жетілдіру жолдары <b>Нурылдаев Сериккан Советханович</b>	85
Физическая культура и спорт в современном обществе <b>Касымова Асель Дженисовна</b>	89
Өмір сүрудің салауатты негізгі <b>Серикбаева Арай Алиевна</b>	92
Здоровый образ жизни студентов и вредные привычки. <b>Бекбергенова Жанар Ешеналықызы</b>	94
Проблема спецмедгруппы – сколиоз <b>Бекбергенова Жанар Ешеналықызы</b>	99
Футболдағы спорттық - психологиялық дайындық <b>Бақытов Дәулет Бақытұлы</b>	104
Еліміздің дене шынықтыру және спорт жүйесіндегі экономикалық мәселелер. <b>Кусайнова Жанар Алпысбаевна</b>	106
Дене мәдениетінің рухани байлығы ол салауаттылық <b>Байсенгирова Айтолкын Жанабайқызы</b>	108
Тәрбие әдістерін тиімді пайдалану және жаңа технологияны қолдануда ақпараттық жүйенің әсері. <b>Малтабаров Асылхан Ермекович</b>	110

---

## СЕКЦИЯ 1

### ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНДЕРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### КЛЮЧЕВЫЕ ВОПРОСЫ ПРЕДМЕТОВ ФИЗИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЙ В НОВОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ СОДЕРЖАНИИ

---

### ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

#### **Шилибаев Бекболат Аманжолович**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының  
қауымдастырылған профессоры

#### **Джекенов Пахыт Сулейманович**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының  
профессоры

2022-2023 оқу жылдары Жамбыл облысында «Дене шынықтыру» пәні мұғалімдері біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Жалпы курстарды Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Ұлттық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығы» ұйымдастырды.

Сабақтар Тараз қаласы және Жамбыл облысына қарасты аудандарында өтті. «Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің жұмыс сапасы мен кәсіби деңгейін арттыру» және «Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» тақырыптарында, модул бойынша әзірленген дәріс, практикалық сабақтар және мастер класстар өткізілді.

Біліктілікті арттыру – мұғалімнің өз қызметін нәтижелі атқаруы және кәсіби деңгейін көтеру үшін қажетті дағдысы деуге болады. Сонымен қатар мұғалімдердің біліктілігін арттыру оқыту және оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

Дене шынықтырудың әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене шынықтыру тек мектептегі сабақ ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

---

Бүгінгі күні білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі. Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол мұғалімдер мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене шынықтыру мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артууда.

Мектептердегі дене тәрбиесі пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістердің білім беру саласы шет қала алмайды. Қазіргі заман талабына сай сабаққа қойылатын мақсат-міндеттерінің ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған. Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады.

Тақырыптар бойынша білім беру және тәрбиелеу жүйесіндегі дене шынықтырудан күтілетін нәтижелер, мақсаттары мен міндеттерін білім беру мекемелеріндегі оқытып, үйрету және тәрбиелеу үдерісінде дене мәдениеті мен спорт жүйесінің негізгі жалпы міндеттеріне мыналар жатады: оқып, үйренушілердің дене сапаларын дамыту және жетілдіру; әрбір оқып, үйренушіге дене мәдениетінің негізгі қолданбалы дағдыларын меңгерту; мақсатқа лайықтылық, батылдық және шешімшілдік, бастамашылдық және тапқырлық, табандылық және жігерлілік, ұстамдылық және байсалдылық, ұжымшылдық сезімі және өзара жолдастық көмек беру сияқты адамдық қасиеттерге тәрбиелеу; денсаулықты нығайту және ағзаны шынықтыру, қолайсыз қозғаушы күштердің және кәсіби қызмет жағдайының әсеріне орнылықты арттыру дәрісі мен практикалық сабақ өз деңгейінде өтті.

Мұғалімнің портфолиосы кәсіби өсудің өзін-өзі бағалау құралы ретінде портфолионың негізгі мақсаты – мұғалімнің кәсіби өсуінің мониторингінің, кәсіптік нәтижелерінің, жетістіктерінің талдауын қамту мен мұғалімнің өз қызметіндегі әр түрлі оқыту, тәрбиелеу, шығармашылық, өз білімін көтерудегі нәтижелерін жинауына көмек береді, бұған дәріс және практикалық сабақты ортаға салып мектеп мұғалімдерімен бөлістік.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыру сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегиялары: бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мұғалімдерді оқытуға арналған оқу бағдарламасы келесі міндеттерді іске асырады, яғни дене денсаулығының және рухани денсаулықтың негізін қалайды және дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын дамытуға жағдай жасалынып мұғалімдердің қозғалыс дағдыларының дамуы, атап айтқанда, олардың төзімділігін, ширақтылығын, күшін, ептіліктерін және икемділігін дамытуға әсер ететінін сабақтар мен шеберлік класын көрсеттік.



---

Инклюзивті оқыту аясында мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттары сабағын практикалық деңгейде өткізілді.

Дене шынықтыру сабақтарында денсаулық сақтау технологиялары және Дене шынықтыру сабақтарында критериялды бағалау тақырыбында дәріс және практикалық сабақты өз деңгейінде, дене шынықтыру сабағында жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, мұғалімдердің қызығушылықтары артты.

Жеңіл атлетикадан, Ұлттық спорт түрлері бойынша және Футбол, Баскетбол, Волейболдан оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістері атты тақырыпты аудиторияда дәрістік сабақтарды және спорт залда, алаңда практикалы сабақтарды ұйымдастырып, ойынның қысқаша тарихы, даму жолдары, өзгерген ережелері мен заманауи әдістері үйретілді. Арнайы шеберлік сабақтар өткізілді. оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістері атты тақырыпты аудиторияда дәрістік сабақтарды және спорт залда, алаңда практикалы сабақтарды ұйымдастырып, ойынның қысқаша тарихы, даму жолдары, өзгерген ережелері мен заманауи әдістері үйретілді. Арнайы шеберлік сабақтар өткізілді.

Келтірілген әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып, аталмыш тақырыптарды мектеп мұғалімдеріне неғұрлым тиянақты да терең ұғындыру жағы ойластырылды.

Сондықтан да әр педагогтың курстағы және курстан кейінгі дамуына зерттеу жүргізіліп отырады. Әдістемелік жүйені одан әрі жетілдіруде Жамбыл облысында өткен, яғни: Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институттың профессор оқытушылары Курманбекова А.С., Джекенов П.С., Шилибаев Б.А., Танаев К.Т., Шилибаев Н.А., Мусабеков С.Ө., Уразова Г.М. және Урстемов Е тарапынан ұйымдастырылған «Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің жұмыс сапасы мен кәсіби деңгейін арттыру» және «Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» тақырыптардағы курстардың тиімділігі байқалды. Аталған курстарда тек теориялық білімді жетілдіру ғана емес, әдіскерлер тарапынан көкейде жүрген мәселелерді де бірлесіп шешуге ықпал еткені әр әдіскердің, әр педагогтың жұмыс нәтижесіне деген сенімділігінің нығаюына ықпал етті.

«Дене шынықтыру» пәні мұғалімдерінің сұранысы негізінде оқыту екі тілде ұйымдастырылады. Курстарды аяқтаған мұғалімдер тест тапсырып, мемлекеттік үлгідегі 80 сағаттық сертификаттар алды.

## **ЖАМАН ӘДЕТТЕР НЕМЕСЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ**

### **Мойлауов Ануар Абдул-Азизұлы**

Қазақстан республикасы оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығының әдіскері

Қоғам азаматтары сау болған сайын дамиды. Дені сау және еңбекке қабілетті адам қоғамға пайдалы бола алады және оның дамуы мен елдің экономикалық өсуі үшін жеткілікті күш жұмсай алады. Сондықтан біз азаматтарымыздың дені сау және жұмысқа қабілетті болуы үшін күш-жігерімізді жұмсауымыз керек; біз әртүрлі әдістерді қолданып, осы әдістердің дамуына жағдай жасауымыз керек. Тек осылай ғана біз азаматтарымызға салауатты өмір салтын ұстануға жол ашамыз.



---

Салауатты өмір салтын ұстанудың басты шарты дене шынықтыру сабағы екенін әрқайсымыз білеміз. Мұны президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі өзінің "Қазақстан халқына Жолдауында" айқын көрсетеді.

"Салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту аса маңызды. Әсіресе балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасау қажет. Мұның бәрі халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді. Мен бұл мәселені өз Жолдауымда көтердім", - деді Президент.

Президенттің бұл Жолдауы екі аспектінің маңыздылығын атап көрсетеді: салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту. Президент балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасауға ерекше назар аудару керектігін атап өтті. Жалпы, бұл шаралар халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған.

Президент бұл мәселені өзінің алдыңғы Жолдауында көтергенін айтады. Бұл Мемлекет басшысының салауатты өмір салтын, спортты және азаматтардың әл-ауқатын қолдауға үнемі назар аударуы мен қызығушылығын көрсетеді. Президент осы мәселе бойынша өз ұстанымын білдіріп қана қоймай, оны іске асыру үшін шаралар қабылдауға шақырады.

Осыған сүйене отырып, адам өміріндегі дене шынықтырудың рөлі мен орнына көшейік.

Дене шынықтырудың адам өміріндегі маңызы соңғы онжылдықтарда өлшеусіз өсті. Бұл біздің заманымызда өндіріс пен тұрмыстағы физикалық еңбек үлесінің күрт төмендеуіне байланысты, сонымен қатар адамдардың ағзасына қолайсыз факторлардың - қоршаған ортаның ластануы, әсіресе үлкен қалаларда, дұрыс тамақтанбау, гиподинамия және әртүрлі стресстердің әсері күшейе түсті. Сондықтан қазір әртүрлі аурулардың, соның ішінде физикалық жаттығулардың алдын алу туралы мәселе өткір болды. Салауатты өмір салты тек салауатты қоғамда жүзеге асырылады. Адамдардың салауатты өмір салты туралы білім деңгейін арттыру, дене шынықтыру және спортпен шұғылдануды тұрғылықты жеріне жақындату, дене шынықтыру және шынықтыру арқылы денсаулықты сақтау және нығайту туралы Спорттық тауарлар мен ғылыми-көпшілік әдебиеттерді халыққа қолжетімді ету қажет. Дене шынықтырумен үнемі айналысатын адам рационалды тамақтану нормаларын ұстанады, зиянды әдеттерден зардап шекпейді - ол толықтай жұмыс істейді және сирек ауырады. Бұл жақында ғана белгілі болды деп айта алмаймыз. Мұның себебі-өткен ғасырларда ғалымдар, дәрігерлер, зиялы қауым өкілдері физикалық белсенділікті, қалыпты тамақтануды (оразаларды сақтай отырып), моншаны, катаюды қолдана отырып, салауатты өмір салтының негізін қалаған. Сияқты ұлы адамдар:

1. Гиппократ (б.з. д. 460 - б. з. д. 370) — ежелгі грек дәрігері және философы, медициналық принциптерімен және медицинаның дамуына әсерімен танымал. Ол денсаулықты сақтау үшін тамақтану мен өмір салтындағы тепе-теңдіктің маңыздылығын атап өтті.

2. Микеланджело Буонарроти (1475-1564) — итальяндық суретші және мүсінші. Оның еңбектерінде салауатты өмір салтын ұстанатын физикалық денсаулыққа деген қамқорлық көрсетілген.

3. Леонардо да Винчи (1452-1519) — итальяндық суретші, ғалым және өнертапқыш. Ол сондай-ақ физикалық белсенділіктің жалпы әл-ауқатқа әсеріне назар аудара отырып, салауатты өмір салтын жақтаушы болды.

4. Бенджамин Франклин (1706-1790) — американдық саясаткер, ғалым және өнертапқыш. Ол өз жазбаларында денсаулықты сақтау үшін дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділіктің маңыздылығына назар аударды.

---

5. Альберт Швейцер (1875-1965) — неміс дәрігері, философы және Нобель сыйлығының лауреаты. Ол өмірді оның барлық түрлерінде құрметтеуге шақырды және денсаулықтың сапалы өмір үшін маңыздылығын атап өтті.

Салауатты өмір салтын жүргізудің негізгі принциптері мен ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, жұмыста әртүрлі жастағы адамдар үшін дене шынықтыру сабақтарының әртүрлі түрлері және адамдардың денсаулығын нашарлататын факторлар (алкоголь, темекі шегу) келтірілген.

Жаттығу бірқатар функционалдық бұзылулар мен аурулардың спецификалық емес алдын алу құралы болып табылады және емдік гимнастиканы бұлшықеттердің, буындардың, байламдардың барлық топтарына қалпына келтіру терапиясының әдісі ретінде қарастыру керек, олар күшті, бұлшықет көлемі, олардың серпімділігі, күші және жиырылу жылдамдығы артады. Бұлшықет белсенділігінің жоғарылауы жүректі, өкпені және біздің ағзамыздың басқа мүшелері мен жүйелерін қосымша жүктемемен жұмыс істеуге мәжбүр етеді, осылайша адамның функционалдығын, оның сыртқы ортаның қолайсыз әсеріне төзімділігін арттырады.

Тұрақты физикалық жаттығулар, ең алдымен, тірек-қимыл аппаратына, бұлшықеттерге әсер етеді.

Дене белсенділігі адам ағзасына жан-жақты әсер етеді, оның қоршаған ортаның қолайсыз әсеріне төзімділігін арттырады.

Кез-келген ауру, өздеріңіз білетіндей, функциялардың бұзылуымен және олардың өтемақысымен бірге жүреді. Сонымен, физикалық жаттығулар регенеративті процестерді жеделдетуге, қанды оттегімен, пластикалық ("құрылыс") материалдармен қанықтыруға ықпал етеді, бұл қалпына келтіруді тездетеді.

Дене жаттығуларын қолданғанда, жүрек-қан тамырлары, тыныс алу және басқа жүйелердің реакциясын қалыпқа келтіруден басқа, қалпына келтірілетін климаттық факторларға бейімделу қалпына келтіріледі, адамның әртүрлі ауруларға, стресстерге төзімділігі артады. Егер гимнастикалық жаттығулар, спорттық ойындар, қатайтатын процедуралар қолданылса, бұл тезірек болады.

Осылайша, дене жаттығуларының әсерінен адамның барлық органдары мен жүйелерінің құрылымы мен қызметі жақсарады, өнімділік жоғарылайды, Денсаулық нығаяды.

Шамадан тыс физикалық белсенділіктің әсерінен болатын өзгерістер бүкіл денені камтиды және әр жүйенің де, олардың өзара әрекеттесуінде де белгілі бір жолмен көрінеді. Мысалы, спортшылар қалпына келтіру кезеңіндегі жүктемелерден кейін электрокардиограммада ауытқулар мен бронхоспазмды көрсетеді. Мұндай жағдайларда тиісті шараларды қабылдау қажет.

Дене шынықтыру сабақтарының түрлері әртүрлі: олар гимнастика, жаяу серуендеу, туризм, жүгіру, ойындар және т.б. мен сізді олардың ең қол жетімдісімен таныстырамын.

Зарядтау оянуға ықпал етеді, сергектік, жақсы көңіл-күй қалыптастырады, тәбетті арттырады, бірқатар ауруларға қарсы профилактикалық әрекет етеді.

Жаттығу кезінде тыныс алудың дұрыс ритағын сақтау керек, терең, тыныш тыныс алу керек. Оларды тез қарқынмен, әсіресе егде жастағы адамдарға, үлкен жүктемемен орындауға болмайды. Оқушылардың жасына және дайындығына байланысты әртүрлі зарядтау кешендері бар.

Зарядтау кешендерінің әртүрлілігі оқушылардың жасына және физикалық формасына байланысты қолайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді. Бұл жаңадан бастаушыларға

---

арналған жеңіл жаттығуларды, егде жастағы адамдарға арналған бейімделген кешендерді, сондай-ақ физикалық жағдайы жақсы адамдар үшін қарқынды жаттығуларды қамтуы мүмкін. Әр адамның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жаттығуларды таңдау маңызды.

Жаяу жүру-денсаулықты нығайтудың тиімді құралы. Серуендеу кезінде барлық бұлшықеттер жұмыс істейді, өкпе жақсы желдетіледі, жүрекичноақты жиырылады.

Саябақтағы орманда, өрескел жерлерде жүру пайдалы. Біз тік жүруіміз керек және еңкеймеуіміз керек.

Жаяу жүру жылдамдығы сіздің әл-ауқатыңызға байланысты белгіленеді. Серуендеу ұзақтығы 2-3 сағатқа дейін. Жаяу жүру үшін үйден жұмысқа және кері қайту жолын пайдалануға болады. Ұйықтар алдында, сондай-ақ демалыс күндері серуендеу пайдалы. Сіздің денеңіз жүктемелерге үйреніп қалған кезде, сіз аптасына 2-3 рет жылдамдықпен жүре аласыз, баяу жүруді жылдамдықпен ауыстыра аласыз.

Дені сау адам күн сайын кем дегенде 5-10 км жүруі керек, олардың жартысы жеделдетілген қадаммен, ал демалыс күндері қашықтықты екі есе арттыруға болады. Жеделдетілген қадам-жаяу жүрудің жаттығу әсерінің негізі.

Сауықтыру жүгіру-бұл әртүрлі аурулармен, ең алдымен жүрек-қан тамырлары ауруларымен күресудің тиімді құралы.

Егер сіз кенеттен жүгіруді шешсеңіз, алдымен дәрігермен кеңесіңіз. Әрі қарай, алдымен жылдам жүруді үйрену керек. Қатты жабындарды (асфальт, төсеніштер) айналып өтіп, саябақта, алаңда, орманда жүгірген дұрыс, өйткені бұл тірек-қимыл аппаратының ауруларына әкеледі (периостит, тендовагинит, ахиллобурсит).

Жүгіру денеде айтарлықтай өзгерістер тудырады (жүрек соғу жиілігі, тыныс алу, метаболизм жоғарылайды). Бақылаулар жүйелі жүгіру жаттығулары қартаю процестерін баяулататынын көрсетеді.

Жүгіру кезінде қашан дем алу керектігін және қашан дем шығару керектігін ойламаңыз. Тыныс алу ритағы жүгіруге тез бейімделеді. Алайда, қыста мұрын арқылы дем алып, ауызбен дем шығарған жөн (мұрын-жұтқыншақтың гипотермиясын болдырмау үшін).

Аяқ киім өлшемі бойынша таңдалуы керек (кроссовкалар, кроссовкалар), таза, құрғақ шұлықтар қажет, мұның бәрі сызаттар мен созылулардан қорғайды. Күзде және қыста жаттығу костюмімен жүгірген дұрыс, ол сіздің қозғалыстарыңызды шектемеуі керек. Жазда және күзде синтетикалық киіммен, су өткізбейтін костюмдермен жүгірмеңіз.

Сауықтыру жүгірісінің жылдамдығы, қашықтығы және басқа компоненттері сіздің әл-ауқатыңызды ескере отырып, біртіндеп артуы керек. Егер жүгіру кезінде енгіту, бас айналу және күннің екінші жартысында ұйқышылдық пайда болса, онда жүктемені азайту керек.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, басқа қол жетімді және танымал спорттық хоббилерге волейбол, жүзу және велосипед тебу жатады. Олармен айналысу денсаулықты нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар күнделікті өмірде қажетті физикалық қасиеттердің дамуына ықпал етеді.

Волейбол-бұл керемет эмоционалды ойын. Оны орманда, клирингте және арнайы жабдықталған жерлерде, торды немесе жай шеңберді пайдаланып ойнауға болады.

Волейбол сонымен қатар фитнесі сақтауға және үйлестіру механизмдерін жетілдіруге көмектеседі. Тұрақты жаттығулар төзімділікті дамытады, бұлшықеттерді күшейтеді және жалпы физикалық белсенділікті сақтайды. Ойынның серпінділігінің арқасында

---

қатысушылар өздерінің реакцияларын, ептіліктерін және дене шынықтыруларын жақсартады.

Жүзу денені жан-жақты дамытады, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің белсенділігін арттырады, метаболизм процестерін арттырады, дене қалпын жақсартады және денені қатайтады. Тыныш жүзу кезінде қозғалыстар жұмсақ, ритақты түрде жасалады, бұл оны қартайғанға дейін жасауға мүмкіндік береді.

Таза ауа мен тоғандардың жанындағы жасыл желектер жүзудің гигиеналық құндылығы мен эмоционалдығын арттырады. Егде жастағы адамдар браспен (басын суға батырмай), жас қоянмен, дельфинмен жүзген жақсы. Сабақтың ұзақтығы - 40 - тан 45-ке дейін-60 минут.

Велосипедпен жүру төменгі аяқтың буындарында төзімділікті, ұтқырлықты дамытады. Көркем жерде жүру-жұмыс күнінен кейін психоэмоционалды шиеленісті жеңілдетудің жақсы құралы. Велосипедпен жүру ұзақтығы 1-3 сағатты құрауы мүмкін.

Велосипедпен серуендеу арқылы сіз таза ауаны сіңіресіз, күн сәулесінің жағымды жылуын сезінесіз және айналаңыздағы табиғаттың сұлулығынан ләззат аласыз. Бұл физикалық шиеленісті жеңілдету және бұлшықеттерді күшейту әдісі ғана емес, сонымен қатар ақыл-ой үшін керемет терапия. Педальдардың ритақты қимылдары тыныштықты тудырады, релаксация мен стресс деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

Дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын адамдардың функционалдық жағдайы мен денсаулығының нашарлау себептерінің ішінде алкоголь мен темекі шегу ерекше орын алады.

Көптеген зерттеулер мен клиникалық бақылаулар алкогольдің ағзаға, атап айтқанда бауырға, миға теріс әсер ететінін көрсетеді. Қабылданған алкогольдің басым көпшілігі (шамамен 90 %) тотығады, яғни бауырда зиянсыз болады. Алайда, алкогольді бір рет қабылдау бауыр функциясының бұзылуына әкеледі және оны қалпына келтіру бірнеше күннен кейін ғана жүреді. Егер адам алкогольді теріс пайдаланса, онда бауырдағы патологиялық өзгерістер біртіндеп артып, ақыр соңында мінез-құлыққа ие болуы мүмкін. Гликоген бауыр жасушаларынан жоғалады, оларда май жиналады, нәтижесінде майлы бауыр пайда болады. Уақыт өте келе көптеген жасушалар өледі және олардың орнында ыдырайтын маймен толтырылған микроскопиялық қуыстар пайда болады. Осылайша бауыр тінінің қабынуы пайда болады-гепатит.

Алкогольді тұтыну жүрек-қан тамыр жүйесінің қызметіне теріс әсер етеді, жүрек бұлшықетіне тікелей уытты әсер етеді. Бұл жағдайда жүрек бұлшықетінің метаболизмі мен құрылымы айтарлықтай өзгереді. Алкогольді ішу қан қысымын, жүрек соғу жылдамдығын, қанның ұюын арттырады.

Денеге зиянды әсер ете отырып, алкоголь жаттығу сабақтарының тиімділігін және оқушылардың жаттығу деңгейін айтарлықтай төмендетеді.

Темекі шегу. Бұл әдеттің кең таралуымен күресу-денсаулық, жоғары өнімділік, ұзақ өмір сүру үшін күресу-салауатты өмір салтының негізгі қағидасы.

Салмағы шамамен 20 Г болатын бір темекі шегу кезінде темекі шегуші тыныс алу жолдары арқылы шамамен 20 л темекі түтінін өткізеді. Түтінің бұл көлемінде шамамен 250 мг көміртегі тотығы және 1000-ға дейін басқа зиянды элементтер бар. Көміртегі тотығы темекі арқылы өтеді темекі, онда ол алкалоидтардың буларымен, соның ішінде никотинмен, эфир майларымен, сондай-ақ шайырлар, гидроциан және құмырсқа қышқылдары бар темекінің термиялық ыдырау өнімдерімен қаныққан. Темекі түтінімен бұл құрғақ айдау өнімдері өкпеге енеді.

---

Темекі түтінінің әсерінен ми тамырларының біршама кеңеюі байқалады, ол субъективті түрде жаңа күштердің толқыны ретінде қабылданады. Алайда темекінің бұл әрекеті өте қысқа. Бірнеше минуттан кейін ми тамырларының кеңеюі олардың жаңа тарылуымен ауыстырылады, одан да айқын. Нәтижесінде мидың қанмен қамтамасыз етілуі айтарлықтай нашарлайды және өнімділік төмендейді.

Темекі шегушілерде орындалған жұмыстың жалпы көлемі темекі шекпейтіндерге қарағанда аз. "Темекі қайғы-қасіретті басады, бірақ энергияны әлсіретеді", - деп жазды Бальзак.

Темекі шегу ғалымдар атап өткендей, өкпенің қатерлі ісігінің себептерінің бірі. Бұл табиғи нәрсе, өйткені олардың тыныс алу аппараты арқылы жылына шамамен 800 г темекі шайыры өтеді. Қазіргі статистика көрсеткендей, темекі шекпейтіндерге қарағанда темекі шегушілерде өкпенің қатерлі ісігі ауруының ықтималдығы шамамен 10 есе көп, темекі шегушілерде тыныс алу жолдарының созылмалы обструкциясы пайда болады, мәжбүрлі дем шығарудың (FFL) тез төмендеуі байқалады, пневмотанометрия көрсеткіші төмендейді, сонымен қатар JL, MV.

Темекінің зиянды әсері асқазан-ішек жолына да таралады. Статистика темекі шегу мен асқазан мен он екі елі ішектің ойық жарасының пайда болуы арасында айқын байланыс бар екенін көрсетеді. Бұл аурудан болатын өлім темекі шекпейтіндерге қарағанда темекі шегушілерде 3-4 есе көп.

Осылайша, алкоголь мен темекі шегу адамның өмірі мен жұмысының нашарлауының қауіпті құралы болып табылады.

Аурулар, жұмыс қабілеттілігінің мерзімінен бұрын жоғалуы, ерте Кәрілік - қоғамдық және жеке гигиенаның негізгі ережелерін сақтамаудың салдары, ақылға қонымсыз мінез-құлық үшін төлем. Мұның бәрін салауатты өмір салтын ұстану және дене шынықтырумен айналысу арқылы болдырмауға болады.

ӘОЖ 37/681

## **ТӘРБИЕ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛЫ**

**Танаев Конысжан Толебаевич**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының  
қауымдастырылған профессоры

Педагогикада тәрбие әдістерінің классификациялық әртүрлі нұсқасы бар. Тікелей және жанама педагогикалық әсердің тәрбиелік әдістерінің тобын шартты түрде бөлуге болады. Тікелей педагогикалық әсердің әдістері оқушының жылдам әлде баяу реакциясын және оның өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған сәйкес іс-әрекетін анықтайды. Жанама педагогикалық әсердің әдістемесі осындай жағдайдың ұйымдастыру іс-әрекетінде тәрбиеленушінің бойында өзін-өзі жетілдіруге бағытталған және оның педагогтармен, жолдастарымен және қоғаммен қарым-қатынас жүйесінде белгілі бір позицияның қалыптасуының пайда болуын анықтайды.

Қазіргі заманғы педагогикада оқушыға әсер етуіне сәйкес тәрбие әдістерін сенім, жаттығу, ынталандыру және жазалау деп бөледі. Кездейсоқ мәліметтерде жалпы жіктелу белгісі бойынша «әдістер сыйпатын» қоса алғанда өзін-өзі бағыттылық, іске асатындық, айрықшалық және басқа да әдістер бар.

Оқыту әдістерінің барлығы ретімен білім, білік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған. Тәрбие әдістерінің олардан айырмашылығы, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланыс іс-

---

әрекеттерінің соңғы нәтижесінде тәрбиелі тұлғаның сапалы даму деңгейін анықтайды. Тәрбие мақсаты жемісті болу үшін тәрбие әдістерін тиімді пайдалану қажет. Әдістердің бірлігі оқушылардың тәрбиелеу деңгейін және әрбір кезде адекватты қойылған мақсатты іске асыруға бағытталған.

Тәжірибелі педагогтың жеке іс-әрекет стиліне байланысты тәрбие әдісі әртүрлі өткізіледі. Педагог жалпы тәрбие әдісін өзінің нақты іс-әрекетінде қолдана білуінде көрініс табады. Жеке жағдайларда тәрбиеші жеке өзінің әлде әріптестерінің әдістерін қолдана отырып жаңа, дәстүрлі емес шешімдерге келеді. Әдістерді жетілдіру тапсырмасы үнемі бар болған және әрбір тәрбиеші өзінің күш деңгейіне сүйене отырып жалпы әдістерге тәрбие процесінің жеке шарттарына сәйкес келетіндей толықтырулар мен өзінің жеке өзгерістерін енгізеді.

Оқушылардың жүріс – тұрысын ынталандыру, іс-әрекетін ұйымдастыру және сенім әдісінің үйлесуіне сәйкес жіктеледі. Тәрбие әдісінің жіктелу тобы: анықтау – репродуктивті, проблемалық–ситуациялық, дағдыландыру–жаттықтыру, ынталандыру, тежелу (кедергілеу), жетекшілік және өзін - өзі тәрбиелеу болып бөлінеді.

Тәрбие әдісінің мақсаттылық, мазмұндылық, іскерлік жақтарын қамтитын дәстүрлі классификация болып табылады. Бағыттаушылық негізіне сай әдістердің үш түрлі тобын көрсетуге болады. Олар сананы қалыптастыру әдістері (әңгімелеу, түсіндіру, анықтау дәріс, этикалық әңгімелесу, иландыру, нұсқау беру, пікірталас, баяндама, өнегілілік); ұйымдастырушылық пен мінезді қалыптастыру әдістері (жаттығу, тапсырма, тәрбиелік жағдаят); ынталандыру әдістері (жарыс, ынталандыру, жазалау).

Профессиялық педагогикада педагогтар мен тәрбиеленушілер негізінде әдістер классификациясы қалыптасқан:

1) Коллективті ұйымдастыру әдістері-ұйымдастырылған кәсіпкерлік ұжым мен мүшелерінің тәрбиенің жоғарғы деңгейі мен қарым – қатынас мәдениетін анықтайды. Осыған орай келесі әдіс түрлерін көрсетуге болады: дисциплина (пән, тәртіп), өз-өзіне қызмет көрсету, жарыс және өзін-өзі басқару.

Пән-бұл ұжым мүшесінің қарым-қатынас мәдениетін қамтитын тәрбие әдісі. Сондай-ақ, ол ішкі тәрбие ережелері мен пайдалы дәстүр мен жақсы мінездердің қалыптасуына және олардың бір-біріне деген тең дәрежедегі талабы ретінде ұсынылуы қамтылады.

Өз-өзіне қызмет көрсету – ұжым еңбегі мен өмірінің ұжымдық шарттарының пайда болуын көздейді.

Қазіргі қоғамда өзіне қызмет ету өмір сүру мөлшеріне айналды. Кәсіпкерлер ұжымы мен оқушылар ұжымында өзіне қызмет көрсету мекеме мен жұмыс орнын жинастырудан бастап, оны безендіру дейін жетеді (көгалдандыру, демалыс орындарын жасау, безендіру т.б.). Өзіне қызмет көрсетуге ұжымның барлық мүшелерінің қатысуы маңызды болып табылады.

Өзі-өзіне қызмет көрсету мен оның рационализациясының ұжымдық нормалары педагогтардың бақылауын алатын басты пәнге айналады. Ол қажетті материалдар мен құралдармен қамтамасыздандыру сияқты дайындықты, қызметтердің бөлмесін жұмыс істеуді анықтайтын нақты кестені көрсетеді.

Жарыс-жеке және ұжымдық еңбекті ынталандырады және оның қатысушыларының қызғаныштық қатынасын қамтиды. Бұл жерде бірлескен ұжымның нәтижелерді салыстыру мен тіркеу маңызды рол атқарады, сондықтан қатысушыларды ынталандыру, оның ішіндегі жеңімпаздарды ынталандыру да ең маңызды ролді иеленген. Жарысты тәрбиенің нәтижелі тәсіліне айналдыру үшін оның шарттарын орындау қажет. Біріншіден, ұжымның ұжымдық талпынысы шынайы төгіліп тұруы қажет және өндіру мен оқыту қажеттілігімен бекуі керек. Екіншіден, жарыс шарттарын орындаушы педагогтар мен өзін-өзі басқарудың мүшелері сияқты жағдай мен нақты өзекті тапсырмалардың шығуы керек. Үшіншіден, жарыстың негізін ұйымдастырушылық нәтижелердің тікелей тіркелуінен құрылуы тиіс, екінші формалдық көрсеткіштерден емес.

---

Өзін-өзі басқару – жауапкершілік пен ұйымдастырушылықты қамтамасыз етеді. Бірақ, оның шарттары: ұжым жұмысын басқаруға жұмысқа қабілетті және нақты құқықтары мен мүмкіндіктері анықталады. Органдардың қатысуы қажет.

Нақты ұжымда өзін басқару құрылысы үш түрлі фактормен анықталады: коллектив құрылымы, оның өмір сүру мазмұны, оның мүшелерінің ұйымдастырушылық қабілетімен анықталады.

Басқару-бұл күрделі әлеуметтік функция . Ол табысты болуы үшін барлық ұжым мүшелерін жүйелі және бірізді қабілетпен және ұйымдастырушылық икемділігін қаруландыру керек. Сондай-ақ, тіркеу мен бақылауды ұйымдастыруға, жоспарлауға, ұйымдастырылған кеңес пен жиналыстардың өткізуіне есеп беру формасы мен нұсқауды жүргізуге үйрету керек.

2) Сендіру әдістері-конференция, дискуссия, ағарту істеріне қатысушы болашақ мамандардың гуманитарлық көзқарасы мен жеке пікірлеріне негізделеді.

Сендіру бір ұғымның саналы дәлелі мен өнегелі позициясын және орын алған жағдайда бағалауды болжайды. Айтылғандардың шын екендігіне көз жеткізсек оқушы өзінің әлемге, қоғамға, әлеуметке деген көзқарасын қалыптастырады. Сендіру де тәрбие әдістері тәрбие түрлерінің формалары арқылы жүзеге асады. Сендіру көркемдік шығармаларды үздікті оқу, әртүрлі пікір-талас жүргізу формаларынан тұрады.

Сендіру өзін-өзін тәрбиелеу әдісі болып табылады. Сендіру өзін сендірумен тығыз байланысты және бұл тәрбиеленушілердің әлеуметтік проблемасын қабылдауға саналы, өз шешімімен жеке көзқарасын қалыптастырады. Осы құрылым негізінде талқылау мен қорытындылау жатады.

Ақпарат-тәрбиеленушілердің белгілі бір мағұлыматтарымен қамту. Бұл әдісті бастапқы деп санауға болады, себебі ол жаңа идея, теория, ереже, тәрбие мазмұнын құраушы басқа ақпараттармен алғаш танысуда қолданылады.

Ақпарат әдісін қолданудың ең басты тәсілі педагогтың жеке мысалы мен өз сөзі болып табылады. Сондықтан әңгіме, сұхбат, нұсқау, лекция формаларын да қолданады. Мақсатқа лайықты басқа да адамдардың осы іске деген назарын бөледі. Олар маңызды оқиға куәгерлері, оқымыстылар, политиктер және қоғам қайраткерлері т.б.

Іздеу-ақпаратты жинау мен зерттеу құндылықтарының бағдарлануына және өздігінен білім алу процесіне тәрбиелеуді бағдарлайды. Іздену барысында өзін-өзін оқыту мен дағдылану қалыптасады. Іздену түрлері-туристік-краеведтік жұмысты, туған жерінің атақты адамдарының өмірі туралы ақпарат жинау, яғни биографиялық іздеу болып ажыратылады. Бұлар қазіргі заманғы, тұлғалар болуымен қатар тарихи тұлғалар болуы да мүмкін. Бұл өте күрделі тәсіл бола келе әдеттің негізін қалаушылар туралы конспектілеуді жиналған деректі сұрыптауды, видеофильм жасауды т.б. талап етеді.

Дискуссия-тәрбиеленушілердің пікір алмасуына және өнегелік – этикалық ойларының дамуына, сондай-ақ , сынап білуге, сынды қабылдай білуге, қиын бір жағдайлардан шыға білуге үйретеді. Дискуссия барысында серіктесіңе адамгершілік көмек беріп, оны демеу, қиын жағдайлардан көңіл бөлу де маңызды болып табылады. Дискуссия тақырыбының дамуын, қозғалыс үстінде болуы маңызды болмақ. Бірақ бұл зиянсыз сын мен жалған ұсыныстардың ашылмай қалуына кепіл бола алмайды..

Дискуссия достар, оқушылар мен оқытушы арасындағы сенімділікті нығайтуға, жастар мен қамқоршыларының арасындағы бір-біріне деген сыйластықты күшейтуге, ұжым мүшелерінің жақсылық тілеуін болжайды, көрсетеді.

Жауапты ағарту-өз білімін дәлелдеу қажеттілігіне бағытталып, достарының арасында оқушылардың білімін дәлелдеудегі оның көзқарасын, сенімін қамтамасыз етеді. Бұл этапта ұжым тәрбие істерінің субъектісіне айналса, педагог , көмекші және консультант қызметін атқару болып табылады. Жауапты ағарту ұжымның тәрбие функциясын күшейтеді және өз білімін басқалармен бөлісуге адамдар санын көбейтеді.

Ынталандыру әдісі-бұл топ өмір сүруге үйренушілердің құрылымынан тұратын формалдық саласына бағытталады. Ынталандыру әдістері талап, ынталандыру, жазалау, болашақ пен көпшілік



---

пікірлерінен тұрады. Педагогика саласында оның басты компоненті ретінде ынталандыру мен жазалау кең таралған.

Ынталандыру-оқушыларыдың жақсы бағалануын көрсетеді. Ол жағымды дағдылар мен әдеттерді бекітеді және қалыпты эмоция мен сенімділікті қалыптастырады.. Ынталандыру әртүрлі формада беріледі: мақұлдау, мақтау, мадақтау, марапаттау т.б. Ынталандыру барысында индивидтің жеке қасиеттерін ескеру қажет.

Жазалау-ынталандыру әдісінің бір түрі. Ол оқушыларды ескерту, тоқтату, үшін қателіктері басқа адамдар алдында өзін кінәлі сезіндіруге бағытталады. Жазалаудың әр түрі бар. Мысалы, қос тапсырма беру, кейбір мүмкіндіктерге шектеу қою, талқыға салу т.б. Жазалау әділетті, дұрыс ұйымдастырылған болуы керек. Бірақ, педагог жазалау оқушыға әсер ететініне көзі жеткенге дейін асықпауы тиіс. Ынталандыру әдісі адамдардың өз мінездерін дұрыс бағалауға, өз қажеттіліктерін, өмір мәнін, түсінуге, түрткі мен мақсат таңдауына көмектеседі.

Талап-оқушылардың тәртібіне, олардың іскерлік адамгершілік сапасын ынталандырады және педагог пен оқушы арасындағы жеке контактының басқарудағы ұсыныстарын сақтау нормаларын көрсетеді. Көрсету ұсыну формаларына сай тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей талапқа анықтылық, нақтылық, түсініктілік тән болса, жанама талапқа психологиялық факторлар: уайым, ұмтылыс, қызығушылық тән.

Болашақ-педагогикада ынталандыру әдісі ретінде оқушылардың қалауын арттыратын, ұмтылысын, қызықты мақсат көздеу, қоғамға пайдалы әрекеттерді қамтамасыз ету. Педагогтың шеберлігі оның оқушылар алдындағы маңызды перспективаларды құрудан көрінбек. Өмірлік жоспар мен мақсаттар құратын оқушыларды ынталандырып отыру керек.

Болашақты: жақын (достармен кездесу, кинотеатрға бару, клубқа бару), орта ( дәстүрлі мереке, демалыс т.б.), алыс-оқушылардың өмірлік жоспарының белгілі түрі ( алдағы оқу, кәсіптік әрекет, отбасы өмірінің перспективасы.).

Қоғам пікірі-ұжым мүшелерінің адамгершілік бағалау әрекеті, қоғамның маңызды перспективаларының құрылымын және оқушылардың талапты орындауындағы моральдік қасиеттерін таныту мен қоғамның пайдалы әрекеттерді қамтамасыз етеді. Қоғам пікірі адамдардың мінезіне әсер етеді. Қоғамдық пікір болдырмаудың бір тәсілі белгілі бір жұмысты, әлде мерекелік шараны ұйымдастыруға таңданып алынған қауымның қызметі болып табылады. Әрекет етуші болып радиовещание де қызмет жасауы мүмкін.

## **ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУІ ЖОЛДАРЫ**

### **Дуйсенбиев Жақсылық Жамбылович**

Тараз қаласы № 54 орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Жаттықтырушының қызметі әсіресе бүгінгі таңда ғарыштап дамыған заманда оның кәсіби шеберлігі мен біліктілігіне байланысты. Өйткені ол спортшыны тәрбиелеуде аса маңызды тұлға болып табылады. Жаттықтырушының педагогикалық шеберлігі оның тәжірибесіне ғана емес, сондай-ақ спортты таңдаған түрінің теориялық жағынан да терең біліміне байланысты екендігі даусыз.

Жаттықтырушы өз қызметінде бүгінгі таңдағы ғылыми жетістіктер мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерді пайдалана отырып жүргізгені абзал. Педагогикалық шеберліктің негізі-жұмысқа шығармашылық ізденістер мен жаңаша бағыт-бағдармен, теориялық білімді іс-жүзіне тиімді қолдана отырып келуімен қаланады.

Жаттықтырушы әркез өзінің білімін көтерумен, тек қана білімін емес кәсіби дайындығын шыңдап отырғанда ғана тәрбиеленушісіне терең және пайдалы әсер ете алады. Бүгінгі жаттықтырушы оқушының жұмысына аса қажетті деген қасиеттерді анықтауға болады.

Бүгінгі жаттықтырушы-оқытушы рухани жан дүниесі таза, адамгершілігі биік, аңғарымпаз жан болуы керек.

---

Егер тәрбиеленушінің бойынан биік қасиеттерді көргісі келсе ол міндетті түрде өз бойынан табылғаны жөн.

Адалдық пен ішкі дүниенің тазалығы-жаттықтырушының басты ұстанатын қазығы десек те болады. Жаттықтырушы қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жастарға тәртіп жайлы әсіресе әр адамның ішкі тәртібі, ортада өздерін қалай ұстау керектігі, спорттық этикалық талаптарын жалпы ұжымға, отанға, қоғамға, ортаға қалай қарым қатынас жасауды үйретулері міндетті.

Бүгінгі күннің жаттықтырушысы жалпы биік мәдениеттің көрінісі болуы тиіс.

Жаттықтырушының биік мәдениеті оның педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыруда болашақты болжауға, әрбір тәрбиеленушінің бойындағы ерекше қабілеттерді анықтауға, психология педагогика жағынан белгілі бір жаңаша бағыттарға жол ашуға мүмкіндік жасайды. Ең бастысы жаттықтырушы-оқытушы жастар тәрбиесіне қай қырынан келуді білгені абзал. Тәрбие және оқу үрдісінде әр ұстаз өзінше, өз жолымен түсіндіруге тырысады.

Педагогикалық әсер етудің негізгі түрі ретінде сөз алынады. Әдемі, анық, мәдени, әдеби сөйлеу арқылы жаттықтырушы жастарды өзіне қарата алады. Сонымен қатар жаттықтырушының іс қимылы, кәсіби деңгейі өзін-өзі ұстауы да аса маңызды. Тіпті бірдей деңгейдегі сөйлеу мәнері ұқсас жағдайларда кейде ол бір балаға жағымды, ал екіншісіне тіпті керсінше ұнамауы мүмкін сәттер болады.

Осындайда жаттықтырушы-оқытушы сөз қабылдамаған жасқа ісінен, әрине өзінің шеберлігі арқылы көрсеткені әлдеқайда тиімді. Педагогтің жетістігі де сол, ол қай балаға қандай тіл ұғымды қай тіл жеңіл соны дөп басып тануы шарт.

Бүгінгі күннің жаттықтырушы-оқытушысына қойылатын талаптардың бірі, ол өзі спортқа басымен ден қойған адам болғаны жөн. Ол ештеңеден, еш кедергіден қорықпайтын жаңалықтарды бірден қабылдайтын, ізденгіш, жүрегінде түгі бар, от-жалыны бар адам болуы керек, өте білімді, теориялық жағынан көп оқыған, мәдениетті бола тұра, кейде жаттығу кезінде салғырттық танытып жатса, оны бала бірден сезініп қояды. Егер біліп тұрған нәрсеңді жан жүрегінмен жеткізе алмасаң ол-әлсіздік. Оны спортқа қызығып келген жастардың жүрегіне жеткізбеу өзінді педагог ретінде алдау болса, үйренейін деп келген баланың, спортқа деген қызығушылығын төмендету.

Жаттығу кезінде жеңіске жетелеу керек, біздің команда ең мықты қарсыластарымызды жеңеміз деген мақсатпен жұмыс жүргізілгенде ғана нәтиже болмақ. Жаттықтырушы өзіне сый-құрметі еңбегімен яғни жастардың өзіне сенімі арқылы келеді.

Жаттықтырушы-оқытушының бойында шыдамдылық, төзімділік, біліктілікпен қатар әр сабаққа келгенде командамен жұмыс істеуге деген құмарлық тұруы шарт. Эмоция болғаны да дұрыс.

Егер бәріне селсоқ, әйтеуір сағатым өтсе болғаны деген көзқарас қалыптасса, онда жаттықтырушының өз жұмысына деген немқұрайлы қарағаны. Онда балаларда қызығушылықтан айырылады. Қолынан келмей жатқан нәрселерді көрсетіп, ерінбей бірнеше рет қайталап, оларды жарыстарға апарды да жеке-жеке әңгімелесіп, команда ішінде жақсы көңіл күй қалыптастыру да жаттықтырушының міндеті. Өзі балалармен бірге жаттығу жасап, олар 2-3 сағат жаттықса, оқытушы олардан артық уақыт жаттығады, үлгі болғаны дұрыс. Кәсіби дайындығы мол жаттықтырушы спорт жаттығуларының жүйесін, мазмұнын, негізін, жоспары мен есебін жасап отырғанда ғана нағыз кәсіби шеберлігі шындалған маман болып есептеледі.

Спорттық жаттығулардың жүйесі. Бұл сөздің төркінінде қай спорт түрінің болса да спорттық жаттығу жүйесінде, тағыда білім мен біліктілік, сондай-ақ жаттығу процесін басқару мен ұйымдастыру қызметін көреміз. Жаттығу процесін ұйымдастыру дегеніміз жаттығуды жақсы өткізудің кешенді шаралары. Жаттығуды басқару алдын ала жоспарланып, арнайы дайындықты талап етеді.

Жаттығуды ұйымдастыру түрлері. Жаттығуды ұйымдастыру түрлеріне сабақ, өзіндік дәрістер және спорт жарыстары енеді. Олар өз ерекшеліктеріне қарай нақты міндеттерді шешеді.

Спорт жаттығуының принциптері. Спорттық жаттығу педагогикалық процесс болғандықтан оған жалпы білім мен тәрбие міндетті түрде кіреді. Сонымен қатар жаттығуды арнайы атап айтар болсақ, дене әрекетінің қабілетіне қарай және жарыстың түріне байланысты ерекшеленуі мүмкін.

---

Спортшы алдына қойған міндеттері мен жаттығудың әдістерін түсінуі керек. Жаттықтырушы-оқытушы өз кезегінде оқушының өздігімен жаттығуына жағдай жасап, оның естігені мен көргенінен қорытынды шығаруына, сөйтіп өз түйсігімен жаттығуға ат салысуына мүмкіндік туғызғаны абзал. Жаттығудың күрделілігіне қарай қимыл-әрекеттерді де дұрыс пайдалана білу керек. Ол уақытымен дұрыс бөлінгені жөн. Жаттығу принциптерінің негізі тұрақтылық, төзімділік. Аз мөлшерде басталған жаттығу бірте-бірте баяу, жүйелі түрде жоғары деңгейге көтеріледі. Шамам келіп тұр деп, бірден жоғары деңгейдегі жаттығуға бел бууға болмайды. Әрбір жаттықтырушы спорт жаттығуының мазмұнын жақсы білуі шарт. Ол физикалық, яғни дене, техникалық, тактикалық, теориялық, моральді-жігері, осылардың барлығы спортшының дайындығымен тығыз байланысты.

Дене тәрбиесі дайындығы денсаулықты жақсартуға, белгілі бір деңгейге жетуге, дене тәрбиесі санасын көтеруге әсер етеді. Спортшының техникалық жағынан дайындығы спортшының өзі таңдаған түрі бойынша жүріп тұру, жүгіру, қимыл-әрекетінің техникасын қалыптастырады. Ал тактикалық дайындық жарыс кезінде спортшыларды күресу әдістері мен тәсілдері, түрері мен қаруландырады.

Тактика, яғни әдіс, бұл жарыс жүргізудің өнері. Тек қана доппен немесе басқа да спорт құралымен жұмыс істеу ғана емес, айла, тәсіл де ойын кезінде шешуші фактор бола алады. Сондай-ақ спортшының ойын, жұмыс кезінде мінез тануы, табандылық көрсетуі, бастаманы қолына алуы да, батытылдығы да таптырмайтын қасиет. Егер сен теориялық жағынан бәрін өте биік деңгейде меңгеріп, ал жарыс кезінде мінез көрсете алмасаң онда тактикалық жағынан дайындықсыз болғаның.

Жаттықтырушы-оқытушы спорт жаттығуларының мезгілін біліп отыруы керек. Жылдық жаттығу кезеңі дайындық, жарыстық, өтпелі кезең болып бөлінеді. Әр кезеңнің қандай міндет арқаратындығын зерттей отырып, оқу процесі жоспарланады.

Жаттығу жоспары алдын ала көп жылға, жылдық жеке сабақ және шұғыл апталық, күндік болып жасалуы мүмкін. Әрбір жаттықтырушы есеп жүргізіп отыруға міндетті. Педагогтік бақылау үшін спорт нәтежиелерінің сараптамасы мен есебі қажет.

## **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҰМЫСТАРЫН МЕКТЕПТЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ**

**Шилибаев Нурболат Аманжолович., Джекенов Ержан Сулейманович**  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының аға оқытушылары

Оқушылардың мектептегі дене тәрбиесі жұмыстары арнайы ұйымдастырылған екі түрлі жолмен: дене тәрбиесі сабағы және басқа жаттықтыру жұмыстары арқылы жүргізіледі.

Дене тәрбиесі үрдісін орындайтын негізгі түр – дене тәрбиесі сабағы. Дене тәрбиесі сабағы мұғалімінің басшылығымен, арнайы бағдарлама, белгіленген сабақтар кестесі бойынша, әр сыныптағы оқушылар тобымен жүргізіледі.

Жаттықтыру жұмыстары төмендегідей топтарға бөлініп жүргізіледі: Күн тәртібі ішіндегі сауықтыру жұмыстары. Бұл жұмыстар сабаққа дейін, сабақ кезінде, сабақтар арасында жүргізілетіндіктен күн тәртібі ішінде деп аталады. Олар: сабаққа дейінгі гимнастика, теориялық сабақтар кезіндегі сергектік сәттер, ұзақ үзіліс кезіндегі қозғалмалы ойындар мен әр түрлі дене тәрбиесі жаттығулары, ұзартылған күн топтарындағы спорт сағаты.

---

Сыныптан тыс дене тәрбиесі және спорт жұмыстары: спорт түрлерінен жаттықтыру сабақтары, туристік жорықтар, спорт жарыстары, спорттық мекемелер, президенттік сынама және т.б. Мектептен тыс дене тәрбиесі және спорттық жұмыстар. Бұл жұмыстар мектептен басқа, тыс жерлерде орналасқан мекемелерде жүргізіледі. Ол мекемелер: спорт мектептері, аула клубтары, спорт сауықтыру кешендері, бассейндер, шаңғы, су базалары, спорт сарайлары, стадиондар, жазғы сауықтыру лагерлері және т.б. Жанұяда орындалатын дене тәрбиесі жаттығулары: таңертеңгі бой жазу жаттығулары, шаңғы, коньки, велосипед тебу, жүгіру, спорттық және қозғалмалы ойындар, дене тәрбиесі сабағынан үй тапсырмаларын орындау және т.б.

Оқу сабағы жалпы білім беретін мектептерде басқа пәндермен қатар сабақтар кестесі бойынша аптасына үш рет жүргізіледі. Дене тәрбиесі сабағының бір-біріне байланысты сабақтың мазмұны және сабақтың құрылымы деген екі түрі болады.

Сабақтың мазмұны төрт негізгі элементтен тұрады: Оқу сабағына кіретін дене тәрбиесі жаттығуларының құрамы. Оқушылардың іс-әрекеті. Оқушылардың іс-әрекетінің ұсынылған жаттығуларды орындауымен байланысы. Олар: мұғалімді тыңдау, жаттығуды орындау, орындау техникасын бақылау, көрген немесе естігенді түсіне білу, орындайтын әрекеттің ойша жобасын құру, оны орындау, өз әрекетін бақылау, бағалау т.б. көптеген оқушылардың әр түрлі әрекеттерінен тұрады.

Мұғалімнің қызметі. Сабақ міндетін қою, оны орындауды ұйымдастыру, жаттығулардың әрекетін бақылау, қателерін түзеу, орындауын бағалау, баға қою, талдау, жүктемені реттеу т.б.

Сабақ кезінде оқушылардың ағзасында болып жатқан физиологиялық, психологиялық үрдістер мен жаттығулардың көңіл күйлері. Физиологиялық үрдістер: жүрек соғу, тыныс алу жиіліктері, зат алмасу жүйесінің жұмыстары. Психикалық үрдістер: ықылас, еске ұстау, ойлау, қозғалыс реакциясы жылдамдығы т.с.с. Жаттығулардың көңіл күйлері дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу, ойын ойнау барысындағы қуануы, күйінуі, ренжуі, рахаттануы, күлуі, жылауы. Жаттығулардың көңіл күйлері мен осы физиологиялық, психологиялық үрдістер қосылып білімде, қозғалыс ептілігінде, дағдысында жағымды, дұрыс өзгерістер тудырады. Ол өзгерістер оқу сабағының мазмұнының көрінбейтін жағын құрайды.

Уақыт бойынша бір-бірімен байланысты орналасқан сабақ мазмұнының барлық элементтерін сабақ құрылымы деп атаймыз. Дене тәрбиесі жүйесінде оқу сабағы үш бөлімге бөлінеді: Кіріспе бөлім. Негізгі бөлім. Қорытынды бөлім.

Кіріспе бөлімнің өзі сабақ өткізуге дайындық және таза кіріспе бөлімнен тұрады. Дайындық бөліміне: киім ауыстыру, спорттық жабдықтарды орналастыру, кезекшіге тапсырма беру, спорт залға кіріп сапқа тұру т.б. сабаққа дайындық әрекеттері жатады. Сабақ басталарда рапорт беру, сабақ міндеттерін хабарлау арқылы сабақтың кіріспе бөлімі басталады.

Кіріспе бөлімнің негізгі міндеті оқушылардың ағзасын сабақтың негізгі бөлімінің қимылын, әрекетін дайындау, денелерін қыздыру. Ол оқушыларға таныс жеңіл үйренетін, жеңіл мөлшерлейтін дене жаттығулары көмегімен орындалады. Жүру, жүгіру, жалпы дайындық сипатындағы гимнастикалық жаттығулар, би адымдары, қозғалмалы ойындар көтерілетін, бірқалыпты орындалатын жаттығулар осы кіріспе бөлімде жиі қолданылады. Кіріспе бөлімнің жаттығулары негізгі бұлшық ет топтарына әсер етіп, оларды келешек орындалғалы тұрған жүктемеге дайындайды. Ол мынадай реттілікпен орындалуға тиіс: керілу, мойын бұлшық еттеріне, жоғарғы иық белдігіне, кеуде бұлшық еттеріне, бел-

---

жамбас, аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар, секіру жаттығулары. Сабақтың кіріспе бөлімінде берілетін жаттығулар негізгі бөлімде орындалатын әрекеттер мазмұнына сай, сол әрекеттерге оқушы ағзасын толық, дұрыс дайындайтындай болуы тиіс. Кіріспе бөліміне сабақтың жалпы 45 минут уақытының 20-30 пайызы, яғни оқу сабағына 10-12 мин, жаттықтыру сабағына 20-30 мин дейін уақыт бөлінеді.

Сабақтың негізгі бөлімінде оқу бағдарламасы және сабақ міндетіне сәйкес білім беру, тәрбиелеу және сауықтыру міндеттері орындалады. Жаңа материалды меңгеру, жаттығулар техникасын үйрету, қайталау, жетілдіру секілді күрделі міндеттер сабақтың негізгі бөлімінің басында орындалады. Бұл бөлімде алға қойған міндеттерді орындау үшін әрбір сыныпта оқу бағдарламасында белгіленген әр спорт түрінің негізгі жаттығулары кеңінен қолданылады. Негізгі бөлімнің ұзақтығы оқу сабағында 28-30 мин, жаттықтыру сабақтарында 90 мин дейін созылады.

Сабақтың қорытынды бөлімінде оқушы ағзасының функционалдық белсенділігі ақырындап төмендейді, келесі теориялық сабаққа дайын жайбарақат күйге әкелінеді. Қорытынды бөлімді орындалатын жаттығулар сипаты: жүру, мүсін түзулігі және ағзаны қалпына келтіру, босаңсыту жаттығулары, арнайы назар аудару жаттығулары, би жаттығулары, жай қарапайым сипаттағы ойындар т.б.

Сабақты қорытындылау, талдау, баға қою, снарядтарды жинау, сабақ аяғында сапқа тұру сияқты әрекеттер оқушыларды жайландырады, ағзасының қалпына келуіне септігін тигізеді. Бұл бөлімде сабақ қорытындылады, баға қойылады, оқушылардың қимыл белсенділігін арттыратын, негізгі жаттығулар техникасын жетілдіруге көмектесетін үй тапсырмалары беріледі. Қорытынды бөлімге 3-5 мин уақыт бөлінеді.

Үй тапсырмасы. Мектептегі жетісіне үш рет өткізілетін дене тәрбиесі сабағына қосымша, оқу материалдарын көбірек меңгеру үшін, оқушыларға үй тапсырмаларын беру, бақылау, баға қоюға өте керекті жұмыс ретінде қарау керек. Үй тапсырмасын орындау арқылы оқушы өз бетімен дене тәрбиесі жаттығуларын меңгеруді, жетілдіруді үйренеді, ал ол оның келешек өміріне маңызы зор.

Үй тапсырмаларына көбінесе дене тәрбиесі сабағында үйренген спорт түрлерінің негізгі, дайындық, жақындататын жаттығуларын қайталау, қимыл шеберлігін жетілдіру мен дене қуаты қасиеттерін тәрбиелеу жаттығулары беріледі. Сабақта берілген теориялық мәліметтерді қайталау, қосымша әдебиеттер оқу арқылы білімін тереңдету тапсырмасын да үйде орындалады.

Үйге берілетін тапсырмалар түсінікті, қарапайым, қауіпсіз, еркін орындалатын жаттығулар түрінде болады. Мұғалім әрбір үй тапсырмасын алдын ала ойластырып, жоспар жасап, дайындалып, барып береді. Ол жаттығулар сабақ кезінде орындалып жатқан кезде ұсынылып, сабақ соңында қорытынды бөлімде, тағы да қайталап айтылып, үй тапсырмасы ретінде беріледі. Үй тапсырмасын оқушылар айқын түсінуі үшін, тапсырама толық, нақты түсіндіріле айтылуы, жаттығу техникасы жақсы деңгейде көтерілуі тиіс. Үй тапсырмасының орындалуын мұғалім қадағалағанда, тексергенде, оған баға қойғанда ғана оқушы жауапкершілікті сезіне бастайды. Басқа пәндердегі үйге берілген тапсырмаларға дайындалғаны секілді оқушы дене тәрбиесінен берілген үй тапсырмаларын күнделіктеріне жазуы, үйде уақыт бөліп орындаулары керек. Ол үй тапсырмаларына байланысты мәселелер ат-аналар жиналысында түсіндіріліп, оларға маңыздылығы, қадағалау жолдары айтылады. Осындай көптеген шаралар орындалып, үй тапсырмасын орындау, бақылау дұрыс шешімін тапқанда ғана ол дене тәрбиесі сабақтарының оқу үлгеріміне пайдасын тигізеді.

---

## ЖАРЫСТАРДЫҢ СПОРТТЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

**Каржаубаев Махамметкул Фазилбекович**

Тараз қ. Ш.Смаханұлы атындағы № 44 орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Спорт психологиясы - ерекше дамып келе жатқан ең жас психологиялық ғылым. Өмірде нақты тәжірбелік міндеттер қоюға шақырады, адамзат қоғамындағы өмірге кең енуімен оның қарқынды дамуы спорттық биік дәрежелерге жеткізді. Ғылым алдына қазіргі өмір талабына сай спорттың жаңа түрлерін алып келді. Қазіргі кезде спортшының жеке басының психологиялық сапаларын, психологиялық әрекеттерін зерттеу, жаттықтырушы, спортшы өз алдында тұрған үлкен міндеттерді шеше алуы, әлемдік спорттық дәрежеге көтеріле алуы, яғни ол үшін спорт техникасын жоғары дәрежеде жетік меңгеру керек.

Спортта да, адам қызметінің басқа түрлеріндегі сияқты мұнда да адамды барлық жағынан тәрбиелеу үшін, оны барлық жағынан білу керек. Бұл спортшы-білімгердің ең маңызды қайнар көзі ретінде биология мен анатомия динамикасы, физиологиямен психология. Спорт психологиясы зерттеген ғылыми мәселелер шеңберінде спорт тәжірибесімен байланысты өте маңыздылығы спорттық кейбір түрлеріне тән анықталып отыр. Спорттық қызмет қабылдау мен сезудің өте нәзік дәлдігін қажет етеді.

Спорттық жарыс спорттық әрекеттердің нәтижелігіне қол жеткізуге септігін тигізетін көптеген эмоцияларға толы болады. Осы саладағы көптеген зерттеулер, ол тек қана әр түрлі эмоциялық жағдайлардың сапалық ерекшеліктерін ғана сақтап қоймай сондай-ақ спорттық жарыстар мен дене шынықтыру жаттығуларын орындау кезінде өз эмоцияларын ерікті түрде игерудің әдістерін жете меңгерудің қажеттігін атап көрсетеді.

Спорт психологиясы спорттық жаттығулар мен жарыстарды ерік әрекеттерінің психологиялық ерекшеліктерін ерікті дамытудың психологиялық механизмдерін ашу жолдарын спорттағы объективті және субъективті қиындықтарды жеңудің, кейінгі кездегі сапалық ерекшеліктерді зерттеу, осының негізінде тәрбиелеудің жаңа жүйесін жасау жолдарын нақтылап берді.

Зерттеушілердің үлкен жетістіктері спорттық қызметке қажет ойлау процесінің құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Спорттық психологияның ең маңызды психологиялық мәселесі қозғалыс әдеттері мәселелерін зерттеу болып табылады, өйткені қазіргі кезеңде біздің бұл саладағы біліміміз көрсеткендей, спортшылар өз әрекеттерінде саналылық танытуда, қозғалыс әдеттері ең маңызды екендігін атап көрсете біледі.

Спортшының жеке басы мен қызметіндегі психологиялық мәселелерді зерттей келе мұндай психологиялық мәселелер тек спортқа байланысты ғана емес адам қызметінің басқа қызметіне талдау жасағанда байқалатынын ерекше атап көрсетті. Қазіргі кезеңде спорт психологиясының зерттеген ең маңызды мәселерінің бірі қозғалыс әдеттері болып табылады, зерттеу көрсеткендей бұл салада өз білімімізді кеңіту керектігі байқалды, өйткені спортшы өзінің саналы әрекетінде қозғалыс әрекетінің маңыздылығын көрсетіп берді.

Спорт психологиясы шындығында, жеке адам мәселелері және спортшы қызметін ғылыми талдау қажеттігіне алып келді, өйткені бұл тек спортта ғана емес, адамзат қызметінің басқа да түрлеріне талдау жасауды қажет етеді.

Спорт психологиясы саласындағы психологиялық зерттеулер спорт мәселесіндегі көптеген теоретикалық тәжірибелік мәселелерді қамтып отырады.

Зерттеу жұмысына көптеген ғылыми қызметкерлер, жаттықтырушылар, спортшылар қатысуда. Оның мақсаты – спорт психологиясының мәселесі төңірегінде алдыңғы қатарлы зерттеулер арқылы еліміздегі спорт психологиясы жағдайымен таныстыру және де тәжірибе алмасу.

---

Спорт тәжірибесіндегі күрделі мәселені көптеген ғалымдар мақаласы, ең күрделі жекелеген спорт түрлерінің құрылымы мен ерекшеліктерін сапалық және сандық салыстыруға сипаттама беруде.

Жеке адам мінезін қалыптастырудағы спорттық қызметтің әсері туралы ғалымдар зерттеуінде, спорттық ұжымда жеке адам қатынасындағы психологиялық құрылымның қалыптасуы ашылады. Бұл аумақтағы психологиялық зерттеулер көрсеткендей, сұрақтардың әр түрлілігі жаттықтырушының үнемі психолог – спортшыны қызқтыратын әрі алаңдататын тиімді психологиялық міндеттерді алға тартады.

Бірақ мұнымен спортшының психологиялық дайындығы таусылмайды. Онда споршыға қажетті қызметтерді дамыту, сондай-ақ ғылыми-тәжірибелік сипаттағы спорттық құнды психологиялық мәселелер, спортшыны жарысқа дайындауға жұмылдыру мәселесі шешіледі.

Спорттық психологиясы саласында жүргізіліп жатқан кең ауқымды зерттеу жұмыстарына қарамастан, спорттық қызметтің психологиялық құрылымы өзіндік ерекшеліктері туралы күні бүгінге дейін зерттеулер жеткіліксіз болып отыр.

Спорттың әр түрі дамуының өзіндік қызметіне психологиялық тілдеме жасауға негіз болуда. Бұл спорттық қызметтің жекелеген түрлерінің жоғары дәрежесі және анық нақтылықты қажет етеді, оның әртүрлілігі адамның психологиялық әрекеті, жағдайлардың барлығына бірі қалмастан қатысуға міндетті. Әрекеттердің психологиялық құрылымын зерттей отырып, оның барлық түрлерін нақтылап, қандай ортада, қазіргі қоғамда спорттың бұл түрі қаншалықты жоғарғы маңызға ие болатынын ескеру керек. Орындалуы мүмкін емес, егер жалпы адамзат қызметінің талдауларына сүйенбей жасалған зерттеулер болса, спорттық қызметтің психологиялық құрылымына талдау жасаудың қажеті болмайды. Сондықтан аталған зерттеулердің жоспарына адам әрекетінің психология – құрылымдық ерекшеліктерін көрсету міндетін кіргізіп отыруда.

Бұл анықтаманың жетілген түрі емес, өйткені адамда оның қызығушылығы мен тілектеріне сай емес, тіпті оған қарама-қайшы келетін әрекеттің әр түрі байқалып отырады.

Соның арқасында әрбір жеке адам үшін атқарған қызметі өзі үшін қоғам мүшесі ретінде басты орында болуы қажет. Адам әрекетінің кейбір жекелеген түрлерінің психологиялық ерекшеліктерін, осы тұрғыдан қарастыруы қажет. Әлеуметтік міндеттіліктің психологиялық аспектілері спорттық қызметтің психологиялық құрылымында өз орнын табуы керек.

Жеке адамның психологиялық құрылым мәселелері ғылыми практикалық және теоретикалық үлкен маңызға ие. Бұл жалпы күрделі құбылыс құрылымы туралы түсінік, жеке адамның психологиялық құрылымына талдау жасауда оның бөліктерінің өзара қатынасы мен өзара байланыстылығы туралы естен шығармау абзал. Жеке адамның психологиялық ерекшеліктеріне келсек, бұл түсінік біздің ойымызша, жеке адамның психологиялық құрылымы туралы бұрынғы түсінік өзгерген жоқ. Жеке адамның психологиялық құрылымына талдау жасағандағы күрделі құбылыс құрылымы туралы түсінігі жоғарыда айтылған жағдайлар, біздің пікірімізге әлеуметтік әрекеті жөн сияқты, сондықтан мына аспектілерді ескеру қажет.

Әлеуметтік ортадағы адам әрекетінің белсенді сипаты арқылы жеке адамның психологиялық сипаты анықталады. Бұл жеке адамның талап-тілегі, қызығушылығы, өмірге көзқарасы, саяси көзқарасы, моральдық сезімі тәртіп нормаларына бағытталған.

Жеке адамның психологиялық сипаты адамның әлеуметтік ортадағы нақты субъективті қатынастарынан көрінеді және соған тәуелді, сондай-ақ адам мінезі оның әрекетінің жан-жақтылығына пайда болуы. Жеке адамның психологиялық өзгешеліктері қоршаған ортаны әр түрлі әрекеттердің пайда болуына адамның темпераменттік қасиеті мен типологиялық ерекшеліктерімен байланысты анықталады. Жеке адамның психикалық өзгешелігі, адамның әр түрлі әрекет атқарудағы потенциалы мен қоғамның қажеттілігімен, мүддесіне қызмет етуі мен дамудың әр түрлі деңгейіндегі қабілеттің көп түрлілігімен анықталады.

Спорт психологиясы шындығында, спортшының жеке басын зерттеу мәселесі психологиялық құрылым жеке адам мен ұжымның байланысы өзара бағыныштылығы, спорт ұжымының психологиясының ең басты мәселесі деп санайды.



---

Жеке адамның психологиялық құрылымы көрсетілген құрамды қасиеттер тарихи тәуелді өзінің дамуын қоғамдағы еңбек әрекеті процессінде алды және пайда болды, сондықтан жалпы қоғам мүшесі ретінде дамыған адамның жалпы мәнін білдіреді, оны адамның биологиялық дамуының жеңісі ретінде қарастыруға болмайды.

Адам биоәлеуметтік жан ретінде көрінеді және бұл оның жеке адам ретіндегі қалыптасуындағы өз-өзін қалдырады. Дегенмен, бұлардың барлығы жеке адамның дене негізін құрауға негіз болады, бұнсыз олар тіпті өмірде әлеумет жағынан өзін көрсете алмаған болар еді. Сондықтан жеке адамның қалыптасуындағы биологиялық бастаманы толығымен ескермеуге болмайды. Организмнің биологиялық қатысу динамикалық, сондай-ақ адам психикасына әсер етеді, жеке адамдағы психологиялық процестермен жағдвайлардың қарқыны мен сипатын өзгертіп, жеке адамдардың өмірлік тонусының төмендеуі мен көтерілуіне бағынышты болды.

Соңғысы, әсіресе кейбір нервтік – психикалық ауруларда өте айқын көрініс береді. Жеке адамның психологиялық ерекшеліктері дене шынықтыру тәрбиесіне, жүйелі қарқынды, спортпен шұғылдануына байланысты белгілі, өте тұрақты өзгерістерге ұшырайды. Оның әсерін дұрыс түсіну үшін спорттың қоғамдық құбылыс ретіндегі түсінігін нақтылау қажет.

Спорт сонымен қатар адам әрекетінің негізгі жалпы қасиеттеріне және өзіндік қасиеттеріне ие, сондай-ақ спорттық қызметтің қалыптасуында аз рөл атқармайды, әрекеттердің психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде, психология органикалық байланыс қызметі адамның жеке басынан бөліп алуға болмайды деген принципті ұстанады, оның үстіне жеке адам өзінің әрекетінсіз өмір сүруі мүмкін емес. Осы үшін мынадай түсініктерді басшылыққа алу қажет: адам тірі нәрсе, жануарлар әлемінің анағұрлым ең жетілген өкілі, сөйлеу-таным қабілеті бар, соның көмегі арқылы айналасындағы дүниені бейнелеуге құралдар ойлап, өз еңбегі арқылы өнім өндіруге қоғамдық өмірдің жетекшісі болуда. Жеке адам - жан-жақты нақты адам, оның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар, қоғамдық қатынаспен қызметтегі субъект. Ал индивид - әрбір жекелеген жеке адам. Адамның жеке ең басты психологиялық ерекшеліктері болып: өзін-өзі тану, жекелігі, өзін-өзі басқаруы, өз мінез құлқын басқара алуы, белсенділік, қарым-қатынас алуы, психологиялық қызметпен өзгешелік бірлігі. Жеке адам әрдайым өзінің көп жақты өзгешелігімен бірлікте. Олар бір-бірімен заңды түрде байланысты жеке адамның келешектегі өзгешелігімен, оның мінездерінің жиынтығы жеке адамның келешектегі өзгешелігімен, оның мінездерінің жиынтығы жеке адамның келешектегі өзгешелігімен оның мінездерінің жиынтығы жеке адамның бүтіндей психологиялық жақтарын сипаттайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

1. А.Меңжанова. Педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі. Алматы 1996.
2. Е.Қ.Уанбаев, Ф.Ж.Уанбаева. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. –Өскемен, 2006.

## **БОЛАШАҚ ЖЕҢІСТЕРДІҢ БАСТАУЫ, ОЛ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ**

### **Турсынбекова Жанна Канатбековна**

Байзақ ауданы Амангелді атындағы орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Әлем бойынша, мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар тоқырап тұрғанда, олимпиада мен әлемдік біріншіліктерде түрлі ұлттардың спортшылары бас қосып, бір-бірімен араласып, сендей сірескен саяси жағдайға жылу беретін. Сондықтан «Спорт - бейбітшілік елшісі» деп атадық. Бүгінгі жағдай мүлдем өзгеше, бүкіл адамзат спортты өмірінің бұлжымас бөлігіне, күнделікті тіршілігінің тірегіне айналдырды десек те болады. Дүбірлі додаларды теледидарға телміре отырып тамашалап, жеңістерімізге қуанып, жеңілістерімізге өкініп те жататынымыз бар.

---

«Бұқаралық спорт – ұлт денсаулығының кепілі» дегенді жиі айтамыз. Ол да негізсіз емес. Өйткені спорт адамға сергектік сыйлап, денсаулығын жақсартып, өмірін ұзартады. Оған қоса салауатты өмір салтын қалыптастыруда таптырмас тәсіл.

Елімізде де спортқа көңіл бөліп, бұл саланы мемлекеттік маңызы басым бағыттар санатына қосып келеді. Президенттің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауын іске асыру аясында бұқаралық спорт пен дене шынықтыруды дамыту жолындағы іс-шаралар көрсетілген.

Бұқаралық спортты дамыту бойынша жұмыстарды ширату, оның ішінде спорт кешендерін қалпына келтіріп, жаңа нысандарды салу тапсырылғанды.

Бұл шаралардың барлығы Қазақстан спортының әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін көтеруге және еліміздегі бұқаралық спортты ілгері жылжытуға бағытталғаны белгілі.

Дене шынықтырумен, спортпен тұрақты шұғылданатын қазақстандықтардың қатары өсті. Қазақ күресі, тоғызқұмалақ, ат спорты, тағы да басқа ұлттық спорт түрлерін дамытуға айрықша ден қойыла бастағанына куә болдық. Егеменді ел ретінде түрлі халықаралық жарыстарға қатысып, елеулі табыстарға жетіп, еліміздің көк туын желбіреткен кездер де аз болмады.

Әрине, қандай істе болса да мемлекеттің қолдауы аса қажет. Ол алдымен ұйымдастырушылық және қаржылық қолдауды талап етеді. Бұл мәселе бүгінгі кезеңде де күн тәртібінен түскен жоқ.

2021 жылдан бастап дене шынықтыру сабақтарына ұлттық спорт түрлері міндетті түрде енгізілді. Қазір оқушылар арасында «Қазақ күресі», «Тоғызқұмалақ» пен «Асық ату» сияқты халқымыздың ежелден келе жатқан спорттық ойындары кеңінен танылды. 2021 жылы 57 мың адам ұлттық спортпен айналыса бастаса, қазір елімізде төл спорт түрлерімен шұғылданатын адамдар саны 500 мыңнан асты. Спортқа ынталандыру үшін түрлі жарыстар ұйымдастыру ұтымды әдіс болып есептеледі.

Ол әр адамның қызығушылығын ғана арттырып қоймайды, сонымен қатар өз күшін бағалап, жоғары жетістіктерге жетуге ұмтылдырады.

Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп жыл сайын оқушылар мен студенттер арасында спорттық лигалар өткізіліп отырады. Ұлттық мектеп лигасының сайыстары баскетбол, волейбол, гандбол, футбол, футзал, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, үш адамдық баскетбол, асық ату, бес асық, жеңіл атлетикалық кросс сияқты 10 спорт түрі бойынша өткізіледі. Бұл жарыстарға 1,5 млн-нан астам оқушы қатысады.

Бұқаралық спорт деген атауы айтып тұрғандай, алдымен тұрғындарымыз барынша көбірек қамтылу қажет. Мәселе спорт кешендерін салып берумен ғана шешілмейді. Соның бірі – жаттықтырушылар мен спорттық нұсқаушыларды дайындау. Бұл бағытта 3,5 мың негізгі елді мекеннің барлығы 2025 жылға дейін штаттағы спорттық нұсқаушымен қамтамасыз етіледі деп жоспарлануда.

Дене шынықтыру мұғалімдеріне сабақтан тыс спорттық үйірмелерді жүргізгені үшін жүз пайыз көлемінде базалық қызметтік жалақы төленеді. Бұл шара қазірдің өзінде республика бойынша 26 мың дене шынықтыру мұғалімін қамтып отыр.

Саламатты өмір салтының негізгі көрсеткіші – бұл дене белсенділігі, әсіресе спортпен айналысу. Ол біздің елімізде орта есеппен 40%-ды құрайды екен. Бүгінгі көп жұмыстар техникамен атқарылып, дене қозғалысы азайғаны белгілі. Сондықтан бір кезде тәжірибеде болған «Өндірістік гимнастиканы» қайта енгізген жөн сияқты. Жұмыс уақытының

---

санаулы бөлігін дене шынықтыруға арнаған артықтық етпейді. Әсіресе күні бойы компьютерде отырғандарға пайдасы мол болар еді.

Спорттың адам денсаулығына оң әсері дау туғызбайды, ол әлдеқашан дәлелденген. Бұқаралық спорт кең қанат жайған сайын ұлт болашағына да сенімді боламыз. Дені сау әрбір тұрғын мемлекетіміздің дамуына өз үлесін қоса алады. Сол себепті бұл мәселе басымдыққа ие болып отыр. Алдында айтқанымыздай, үкімет тарапынан түрлі шешімдер қабылданып, бұқаралық спортты дамытуға талпыныстар жасалуда. Бұл аздық етеді, себебі қоғам жағынан қолдау таппаса іс нәтижелі болмайды. Қоғамның әрбір мүшесі осыны жете түсініп, белсенділік көрсетсе деген тілек бар. Сонда ғана ұлтымыздың дені сау, жемісті еңбек етіп, спорттық жоғары жетістіктерге жететін боламыз.

ӘОЖ 38/881

## **ТӘРБИЕ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘСЕРІ**

**Тастандиев Манат Қыркынбаевич**

Парасат колледжінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Оқыту әдістерінің барлығы ретімен білім, білік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған. Тәрбие әдістерінің олардан айырмашылығы, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланыс іс-әрекеттерінің соңғы нәтижесінде тәрбиелі тұлғаның сапалы даму деңгейін анықтайды. Тәрбие мақсаты жемісті болу үшін тәрбие әдістерін тиімді пайдалану қажет. Әдістердің бірлігі оқушылардың тәрбиелеу деңгейін және әрбір кезде адекватты қойылған мақсатты іске асыруға бағытталған.

Тәжірибелі педагогтың жеке іс-әрекет стиліне байланысты тәрбие әдісі әртүрлі өткізіледі. Педагог жалпы тәрбие әдісін өзінің нақты іс-әрекетінде қолдана білуінде көрініс табады. Жеке жағдайларда тәрбиеші жеке өзінің әлде әріптестерінің әдістерін қолдана отырып жаңа, дәстүрлі емес шешімдерге келеді. Әдістерді жетілдіру тапсырмасы үнемі бар болған және әрбір тәрбиеші өзінің күш деңгейіне сүйене отырып жалпы әдістерге тәрбие процесінің жеке шарттарына сәйкес келетіндей толықтырулар мен өзінің жеке өзгерістерін енгізеді.

Педагогикада тәрбие әдістерінің классификациялық әртүрлі нұсқасы бар. Тікелей және жанама педагогикалық әсердің тәрбиелік әдістерінің тобын шартты түрде бөлуге болады. Тікелей педагогикалық әсердің әдістері оқушының жылдам әлде баяу реакциясын және оның өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған сәйкес іс-әрекетін анықтайды. Жанама педагогикалық әсердің әдістемесі осындай жағдайдың ұйымдастыру іс-әрекетінде тәрбиеленушінің бойында өзін-өзі жетілдіруге бағытталған және оның педагогтармен, жолдастарымен және қоғаммен қарым-қатынас жүйесінде белгілі бір позицияның қалыптасуының пайда болуын анықтайды.

Қазіргі заманғы педагогикада оқушыға әсер етуіне сәйкес тәрбие әдістерін сенім, жаттығу, ынталандыру және жазалау деп бөледі. Кездейсоқ мәліметтерде жалпы жіктелу белгісі бойынша «әдістер сыйпатын» қоса алғанда өзін-өзі бағыттылық, іске асатындық, айрықшалық және басқа дәдістер бар.

Оқушылардың жүріс – тұрысын ынталандыру, іс-әрекетін ұйымдастыру және сенім әдісінің үйлесуіне сәйкес жіктеледі. Тәрбие әдісінің жіктелу тобы: анықтау – репродуктивті, проблемалық–ситуациялық, дағдыландыру–жаттықтыру, ынталандыру, тежелу (кедергілеу), жетекшілік және өзін - өзі тәрбиелеу болып бөлінеді.

Тәрбие әдісінің мақсаттылық, мазмұндылық, іскерлік жақтарын қамтитын дәстүрлі классификация болып табылады. Бағыттаушылық негізіне сай әдістердің үш түрлі тобын көрсетуге болады. Олар сананы қалыптастыру әдістері (әңгімелеу, түсіндіру, анықтау дәріс, этикалық әңгімелесу, иландыру, нұсқау беру, пікірталас, баяндама, өнегіллік);

---

ұйымдастырушылық пен мінезді қалыптастыру әдістері (жаттығу, тапсырма, тәрбиелік жағдаят); ынталандыру әдістері (жарыс, ынталандыру, жазалау).

Профессиялық педагогикада педагогтар мен тәрбиеленушілер негізінде әдістер классификациясы қалыптасқан:

1) Коллективті ұйымдастыру әдістері-ұйымдастырылған кәсіпкерлік ұжым мен мүшелерінің тәрбиенің жоғарғы деңгейі мен қарым – қатынас мәдениетін анықтайды. Осыған орай келесі әдіс түрлерін көрсетуге болады: дисциплина (пән, тәртіп), өз-өзіне қызмет көрсету, жарыс және өзін-өзі басқару.

Пән-бұл ұжым мүшесінің қарым-қатынас мәдениетін қамтитын тәрбие әдісі. Сондай-ақ, ол ішкі тәрбие ережелері мен пайдалы дәстүр мен жақсы мінездердің қалыптасуына және олардың бір-біріне деген тең дәрежедегі талабы ретінде ұсынылуы қамтылады.

Өз-өзіне қызмет көрсету – ұжым еңбегі мен өмірінің ұжымдық шарттарының пайда болуын көздейді.

Қазіргі қоғамда өзіне қызмет ету өмір сүру мөлшеріне айналды. Кәсіпкерлер ұжымы мен оқушылар ұжымында өзіне қызмет көрсету мекеме мен жұмыс орнын жинастырудан бастап, оны безендіру дейін жетеді (көгалдандыру, демалыс орындарын жасау, безендіру т.б.). Өзіне қызмет көрсетуге ұжымның барлық мүшелерінің қатысуы маңызды болып табылады.

Өзі-өзіне қызмет көрсету мен оның рационализациясының ұжымдық нормалары педагогтардың бақылауын алатын басты пәнге айналады. Ол қажетті материалдар мен құралдармен қамтамасыздандыру сияқты дайындықты, қызметтердің бөлмесін жұмыс істеуді анықтайтын нақты кестені көрсетеді.

Жарыс-жеке және ұжымдық еңбекті ынталандырады және оның қатысушыларының қызғаныштық қатынасын қамтиды. Бұл жерде бірлескен ұжымның нәтижелерді салыстыру мен тіркеу маңызды рол атқарады, сондықтан қатысушыларды ынталандыру, оның ішіндегі жеңімпаздарды ынталандыру да ең маңызды ролді иеленген. Жарысты тәрбиенің нәтижелі тәсіліне айналдыру үшін оның шарттарын орындау қажет. Біріншіден, ұжымның ұжымдық талпынысы шынайы төгіліп тұруы қажет және өндіру мен оқыту қажеттілігімен бекуі керек. Екіншіден, жарыс шарттарын орындаушы педагогтар мен өзін-өзі басқарудың мүшелері сияқты жағдай мен нақты өзекті тапсырмалардың шығуы керек. Үшіншіден, жарыстың негізін ұйымдастырушылық нәтижелердің тікелей тіркелуінен құрылуы тиіс, екінші формалдық көрсеткіштерден емес.

Өзін-өзі басқару – жауапкершілік пен ұйымдастырушылықты қамтамасыз етеді. Бірақ, оның шарттары: ұжым жұмысын басқаруға жұмысқа қабілетті және нақты құқықтары мен мүмкіндіктері анықталады. Органдардың қатысуы қажет.

Нақты ұжымда өзін басқару құрылысы үш түрлі фактормен анықталады: коллектив құрылымы, оның өмір сүру мазмұны, оның мүшелерінің ұйымдастырушылық қабілетімен анықталады.

Басқару-бұл күрделі әлеуметтік функция . Ол табысты болуы үшін барлық ұжым мүшелерін жүйелі және бірізді қабілетпен және ұйымдастырушылық икемділігін қаруландыру керек. Сондай-ақ, тіркеу мен бақылауды ұйымдастыруға, жоспарлауға, ұйымдастырылған кеңес пен жиналыстардың өткізуіне есеп беру формасы мен нұсқауды жүргізуге үйрету керек.

2) Сендіру әдістері-конференция, дискуссия, ағарту істеріне қатысушы болашақ мамандардың гуманитарлық көзқарасы мен жеке пікірлеріне негізделеді.

Сендіру бір ұғымның саналы дәлелі мен өнегелі позициясын және орын алған жағдайда бағалауды болжайды. Айтылғандардың шын екендігіне көз жеткізсек оқушы өзінің әлемге, қоғамға, әлеуметке деген көзқарасын қалыптастырады. Сендіру де тәрбие әдістері тәрбие түрлерінің формалары арқылы жүзеге асады. Сендіру көркемдік шығармаларды үздікті оқу, әртүрлі пікір-талас жүргізу формаларынан тұрады.

Сендіру өзін-өзін тәрбиелеу әдісі болып табылады. Сендіру өзін сендірумен тығыз байланысты және бұл тәрбиеленушілердің әлеуметтік проблемасын қабылдауға саналы, өз шешімімен жеке көзқарасын қалыптастырады. Осы құрылым негізінде талқылау мен қорытындылау жатады.

---

Ақпарат-тәрбиеленушілердің белгілі бір мағұлыматтарымен қамту. Бұл әдісті бастапқы деп санауға болады, себебі ол жаңа идея, теория, ереже, тәрбие мазмұнын құраушы басқа ақпараттармен алғаш танысуда қолданылады.

Ақпарат әдісін қолданудың ең басты тәсілі педагогтың жеке мысалы мен өз сөзі болып табылады. Сондықтан әңгіме, сұхбат, нұсқау, лекция формаларын да қолданады. Мақсатқа лайықты басқа да адамдардың осы іске деген назарын бөледі. Олар маңызды оқиға куәгерлері, оқымыстылар, политиктер және қоғам қайраткерлері т.б.

Іздеу-ақпаратты жинау мен зерттеу құндылықтарының бағдарлануына және өздігінен білім алу процесіне тәрбиелеуді бағдарлайды. Іздену барысында өзін-өзін оқыту мен дағдылану қалыптасады. Іздену түрлері-туристтік-краеведтік жұмысты, туған жерінің атақты адамдарының өмірі туралы ақпарат жинау, яғни биографиялық іздеу болып ажыратылады. Бұлар қазіргі заманғы, тұлғалар болуымен қатар тарихи тұлғалар болуы да мүмкін. Бұл өте күрделі тәсіл бола келе әдеттің негізін қалаушылар туралы конспектілеуді жиналған деректі сұрыптауды, видеофильм жасауды т.б. талап етеді.

Дискуссия-тәрбиеленушілердің пікір алмасуына және өнегелік – этикалық ойларының дамуына, сондай-ақ , сынай білуге, сынды қабылдай білуге, қиын бір жағдайлардан шыға білуге үйретеді. Дискуссия барысында серіктесіңе адамгершілік көмек беріп, оны демеу, қиын жағдайлардан көңіл бөлу де маңызды болып табылады. Дискуссия тақырыбының дамуын, қозғалыс үстінде болуы маңызды болмақ. Бірақ бұл зиянсыз сын мен жалған ұсыныстардың ашылмай қалуына кепіл бола алмайды..

Дискуссия достар, оқушылар мен оқытушы арасындағы сенімділікті нығайтуға, жастар мен қамқоршыларының арасындағы бір-біріне деген сыйластықты күшейтуге, ұжым мүшелерінің жақсылық тілеуін болжайды, көрсетеді.

Жауапты ағарту-өз білімін дәлелдеу қажеттілігіне бағытталып, достарының арасында оқушылардың білімін дәлелдеудегі оның көзқарасын, сенімін қамтамасыз етеді. Бұл этапта ұжым тәрбие істерінің субъектісіне айналса, педагог , көмекші және консультант қызметін атқару болып табылады. Жауапты ағарту ұжымның тәрбие функциясын күшейтеді және өз білімін басқалармен бөлісуге адамдар санын көбейтеді.

Ынталандыру әдісі-бұл топ өмір сүруге үйренушілердің құрылымынан тұратын формалдық саласына бағытталады. Ынталандыру әдістері талап, ынталандыру, жазалау, болашақ пен көпшілік пікірлерінен тұрады. Педагогика саласында оның басты компоненті ретінде ынталандыру мен жазалау кең таралған.

Ынталандыру-оқушыларыдың жақсы бағалануын көрсетеді. Ол жағымды дағдылар мен әдеттерді бекітеді және қалыпты эмоция мен сенімділікті қалыптастырады.. Ынталандыру әртүрлі формада беріледі: мақұлдау, мақтау, мадақтау, марапаттау т.б. Ынталандыру барысында индивидтің жеке қасиеттерін ескеру қажет.

Жазалау-ынталандыру әдісінің бір түрі. Ол оқушыларды ескерту, тоқтату, үшін қателіктері басқа адамдар алдында өзін кінәлі сезіндіруге бағытталады. Жазалаудың әр түрі бар. Мысалы, қос тапсырма беру, кейбір мүмкіндіктерге шектеу қою, талқыға салу т.б. Жазалау әділетті, дұрыс ұйымдастырылған болуы керек. Бірақ, педагог жазалау оқушыға әсер ететініне көзі жеткенге дейін асықпауы тиіс. Ынталандыру әдісі адамдардың өз мінездерін дұрыс бағалауға, өз қажеттіліктерін, өмір мәнін, түсінуге, түрткі мен мақсат таңдауына көмектеседі.

Талап-оқушылардың тәртібіне, олардың іскерлік адамгершілік сапасын ынталандырады және педагог пен оқушы арасындағы жеке контактының басқарудағы ұсыныстарын сақтау нормаларын көрсетеді. Көрсету ұсыну формаларына сай тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей талапқа анықтылық, нақтылық, түсініктілік тән болса, жанама талапқа психологиялық факторлар: уайым, ұмтылыс, қызығушылық тән.

Болашақ-педагогикада ынталандыру әдісі ретінде оқушылардың қалауын арттыратын, ұмтылысын, қызықты мақсат көздеу, қоғамға пайдалы әрекеттерді қамтамасыз ету. Педагогтың

---

шеберлігі оның оқушылар алдындағы маңызды перспективаларды құрудан көрінбек. Өмірлік жоспар мен мақсаттар құратын оқушыларды ынталандырып отыру керек.

Болашақты: жақын (достармен кездесу, кинотеатрға бару, клубқа бару), орта ( дәстүрлі мереке, демалыс т.б.), алыс-оқушылардың өмірлік жоспарының белгілі түрі ( алдағы оқу, кәсіптік әрекет, отбасы өмірінің перспективасы.).

Қоғам пікірі-ұжым мүшелерінің адамгершілік бағалау әрекеті, қоғамның маңызды перспективаларының құрылымын және оқушылардың талапты орындауындағы моральдік қасиеттерін таныту мен қоғамның пайдалы әрекеттерді қамтамасыз етеді. Қоғам пікірі адамдардың мінезіне әсер етеді. Қоғамдық пікір болдырмаудың бір тәсілі белгілі бір жұмысты, әлде мерекелік шараны ұйымдастыруға таңданып алынған қауымның қызметі болып табылады. Әрекет етуші болып радиовещание де қызмет жасауы мүмкін.

ӘОЖ 796.015 А-62

## **БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ ШЕБЕРЛІККЕ ЖЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Салабекова Гулмира Бейсенбековна**

Тараз қ. № 3 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Резюме. В настоящее время важной задачей является привлечение населения к ведению здорового образа жизни. В связи с этим разработаны программы по оздоровлению населения.

Summary. At present now important mission is attractions population conducting the way of health life. And the work of programs for humans health of population.

Мемлекеттің ең басты құндылығы адам ресурсы десек, ал адам денсаулығы-қоғамның өлшеусіз байлығы. Баршаға аян, Елбасы биылғы Жолдауында денсаулық сақтау саласына, оның ішінде саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығына жауапкершілігін арттыру мәселесіне үлкен ден қойып, жаңа міндеттерді алға тартты. Әрине, Жолдаудың орындалуы ең алдымен жергілікті жердегі атқарушы органдардың, мекеме басшыларының осы бағыт-бағдардағы жүргізіп отырған саясатына тікелей байланысты.

«Халық денсаулығы-ол Қазақстанның өзінің стратегиялық мақсаттарына жетудегі табысының ажырамас құрамдас бөлігі» деп Мемлекет басшысы Н.Назарбаев биылғы дәстүрлі Жолдауында атап өткеніндей, шынында да, қоғамның дамуы, әр түрлі бағдарламалардың, мейлі ол мемлекеттік, не мемлекеттік емес болсын, қандайда бір жүйелі істердің жүзеге асуы тікелей адамға байланысты. Оның тұлғалық қасиеттеріне, қабілеттеріне, интеллектуалдық, мүмкіндіктеріне, денсаулығына, сайып келгенде, ішкі жандүниесіне және өмірлік күшіне тәуелді.

Осы тұрғыдан қарағанда, Елбасы айтқандай, саламатты өмір салтын қалыптастыру ең маңызды мәселенің бірі және ол мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып табылады. Елдің денсаулығын көтере отырып, Елбасы халықтың кем дегенде 30 пайызының спортпен айналысу қажеттігін алға тартты. Қалай дегенде де, дене шынықтыру мен спорт, саламатты өмір салтын қалыптастыру, жастарды рухани тәрбиелеу азаматтар денсаулығын жақсартудағы ең маңызды құралдардың бірі. Осыған байланысты, жергілікті атқарушы органдардың бірінші кезектегі міндеті-барлық тұрғындар үшін қолайлы спорт және дене шынықтыру бағытында шаралар ұйымдастыру.

Әлбетте, ертеңгі күні дамыған, бәсекеге қабілетті елдер қатарынан көріну үшін халықтың денсаулығын жақсартуымыз керек. Жастарды есірткіден, ішімдіктен, темекіден және басқа да жаман әдеттерден алшақ ұстағанымыз абзал. Бұл әрі әрбір ата-ананың, әрбір отбасының міндеті де.

Бүгінде кейбір адамдардың түсінігінде денсаулық аурухана, емхана, дәрі-дәрмек ұғымдарымен араласып кеткен сияқты. Көп азаматтар өзінің денсаулығын ауыра бастағанда,

---

болмаса бір жері жарақаттанған кезде ғана есіне алады. Сөйтіп, дәрігерге барып, түрлі дәрілерді іше бастайды. Меніңше, мұндай шаралар адам денсаулығын жақсартпайды, тек аурудың әрі қарай дамуын, оның асқынып кетуін ғана тоқтатса керек. Оның үстіне дәрі құрамындағы химиялық заттар бір жағынан зақымдап отырады. Сондықтан, емделуді ғана ойламай, сол аурулардың алдын алу мәселелерін қарастыру қажет, яғни ол-дене шынықтыру мен спорт.

Адамның өмірлік күші немесе өмірлік қуаты деген түсінік бар. Оның деңгейі адамның денсаулығына, психологиялық және көңіл-күйіне, жалпы ішкі жан дүниесіне тәуелді болады. Дана халқымыз айтқандай, «Дені саудың-жаны сау». Егер адам әр уақытта дене шынықтырумен айналысып, әр уақытта өзінің денсаулығын түзету үшін түрлі спорт жаттығуларын орындап отырса, ол тек дені сау болып қана қоймай, өмірдің барлық саласында табысты болуына мүмкіндік жасайды. Бірақ, спортпен айналысу керек екен деп мөлшерден тыс дене шынықтыру жаттығуларын жасаудың қажеті жоқ. Әр нәрсенің өзінің жөні, реті болады. Қазіргі таңда бізге саламатты өмір салтын қалыптастыру, оған бұхара халықты тарту үшін арнайы ғылыми-зерттеулер негізінде жасалған сауықтыру бағдарламаларын жасау қажет. Сол бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы стратегиялық міндеттердің бірі-дені сау ұлтты қалыптастыра аламыз.

Саламатты өмір салтын қалыптастыру үшін оған қажетті инфрақұрылымды дамыту қажет. Әркім өзінің денсаулығына өзі жауапты. Солай бола тұрса да, бүгінгі күні мемлекет бұл мәселеден шет қалып отырған жоқ. Қазір біз саламатты өмір салтын дамыту үшін, жоғарыда айтқанымдай, ғылыми-зерттеулерге негізделген және халықаралық тәжірибеге сай сауықтыру бағдарламаларын жасауымыз қажет.

Халықты сауықтыру бағдарламасы адамдардың денсаулығын жақсартуға, әр түрлі сырқаттардың алдын алуға, спортпен, дене шынықтырумен үнемі және тұрақты түрде айналысуға бағытталған. Жобаның тағы бір ерекшелігі, ол халықты тек спортқа баулу ғана емес, денсаулығы мықты азаматтарды қалыптастырумен қатар, ерік-жігері мықты, өзіне сенімді азаматтарды тәрбиелеп шыға аламыз. Ендеше, спорт тек дене шынықтыру емес, сонымен қатар тәрбие.

Адамның, әсіресе орта жастағылардың қозғалыс белсенділігінің жүйелі барысы жұмыс қабілеттілігінің мезгілінен бұрын жоғалту мүмкіндігін азайтады және қоғамға елеулі материалдық табыс әкеледі. «Шыныға білмеген, тыныға да білмейді», деп халық текке айтпаған. Сондықтан, бұлшық етті шынықтырып, сондай-ақ тынықтырып та отыру керек. Адам ауыр жүк көтергенде қажиды, өйткені бұлшық ет жұмыс істегенде оттегі мен қоректік заттар көп пайдаланылады. Сөйтіп, заттың алмасуы күшейеді. Егер адам үнемі дене еңбегімен және спортпен шұғылданса, таза ауада тынықса оның қан айналымы жаттығып, қажуды тез арада жойып, мүшелердің қызметіне әсер етеді.

Сондықтан мұндай адамдар төзімді, еңбек өнімі жоғары, сондай-ақ сыртқы ортаның зиянды әсерлеріне және ауру туғызатын микробтарға олардың ағзасы қарсы тұра алады. Олардың бұлшық еттері нағыз, болаттай шыныққан, сүйегі алмастай мықты, көңілі жарқын, денесі мығым, жүріс тұрысы әдемі.

Дене тәрбиесін ұйымдастыруға кететін шығыннан артық болатын оның тиімділігі осыдан көрінеді. Еңбекшілердің дене тәрбиесімен айналысуы нәтижесінде болатын тиімділікті спортпен айналысатын және айналыспайтындардың күндік еңбек өнімділігін, сонымен бірге осы топтардағы сырқаттанушылардың айырмашылығын біле отырып анықтауға болады. Өндіріс кәсіпорындардағы дене тәрбиесінің экономикалық тиімділігін зерттей отырып, еңбек өнімділігінің арту және сырқаттанудың азаюы секілді екі негізгі себептерінің есебінен құралатындығын дәлелдеп отыр. Мұның өзі дене шынықтыру-сауықтыру шараларына спорт ғимараттары мен өзге де құрылыстарды салуға, қызметкерлердің еңбек ақысын төлеуге кететін қаржының тиімділігін көрсетеді.

Адамның жоғарыда айтылған дене қасиеттері мен қабілеттерін қалыптастыру тек қана кәсіби қолданбалы дене даярлығының барысы және спорттық қолданбалы түрлерімен айналысу барысында табысты түрде жүзеге асырылмақ. Ал олардың экономикалық тиімділігі жасалынған жинақталған зертеулермен дәлелденіп отыр.



---

Мемлекетіміздің аса маңызды міндеттерінің бірі, ол бүгінгі ұрпағымыздың дене күштері мен рухани күштері сайма-сай жетіліп, шынығып өсетіндей етіп тәрбиелеу ісі.

Ұрпағымыз парасатты, сымбатты да сұлу, денсаулықтары мықты болуы тиіс. Болашағымызды тәрбиелеу, орталық жүйке жүйелерін шынықтыру құралдарының қатарына жататын спорт түрлері: шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ болып табылады.

Адам спортпен шұғылдану барысында, ең алдымен, өзінің ішкі жандүниесімен, осал тұстарымен, әлсіздіктерімен бетпе-бет келеді. Шынығу ол өзінің өмір сүруіне дамуына, өсуіне кедергі жасап жүрген әдеттерді жеңуге көмектеседі. Сондықтан спортпен айналысуды насихаттау, сауықтыру үрдісін жүзеге асыру мәселелері ерекше назарда. Мемлекеттік органдар, әр түрлі ұйымдар мен жоғары және орта білім беру орындарында тұрақты түрде осы сала бойынша жұмыстар атқарылуда.

Біздің алдымызда, мемлекеттік орган ретінде, бұқара халықты жаппай дене шынықтырумен айналысуға тарту міндеті тұр. Дені сау ел болуы бұл біздің мүддеміз. Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті болу идеясы кеңінен насихатталуда. Ол өзінің бастауын ең алдымен денсаулықтан бастайды. Адам ағзасы әр уақытта қандай да болмасын ауыртпалықтарға дайын болуы тиіс. Дене еңбегімен, тіпті, ой еңбегімен айналысатын адамдар жұмыс барысында бірталай күш жұмсайды.

Спорт бір жағынан денсаулық кепілі, екінші жағынан төзімділік қалыптастыру себебі болып табылады. Міне, спорттың осы ерекшеліктерін ескерсек, оның адам өміріне, жалпы қоғамға тигізер пайдасы көп. Халқымыздың ділінде денсаулық туралы ауырған кезде ғана ойлау қалыптасып қалған.

Егер сіз бүгін спорт кешеніне барып, жаттығудан бас тартып, ақшаңызды үнемдейтін болсаңыз, ертеңгі күні одан да көп шығындануыңызға тура келеді.

Біздің алдымызда тек спорттық кешендер ғана емес, сауықтыру орталықтарын жасау міндеті тұр. Осыған орай, алдағы уақытта аурухана, емханаларда орналасқан физиотерапиялық емдеу кабинеттерін сауықтыру орталықтарына айналдыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Егер емханалар тек ауруды емдеп қана қоймай, оның алдын алумен айналысатын болса және ол бұхара халыққа қол жетімді болса, онда біз Елбасының дені сау ұлт құру идеясын жүзеге асыра алатын боламыз.

Қазіргі жастардың көпшілігі бос уақыттарын компьютердің алдында өткізгенді ұнатады. Күні бойы отырып, дене еңбегімен айналыспаған баланың толық физикалық дамуын қайдан болсын. Ертеңгі күні дені сау, дене бітімі мықты тұлға болуына кері әсерін тигізеді. Қазіргі кезде медициналық комиссиядан өткен жастардың біразы әскерге жарамсыз болып қалуда. Осы мәселені шешу мақсатында мемлекеттік органдар алдында жастарды саламатты өмір салтына үйрету міндеті тұр.

Спорт-денсаулық кепілі. Бүгінде жалпы Қазақстан халқының алдында жоғары білімді, бәсекеге қабілетті ұлт құру міндеті тұр. Бұл заман талабы, қазіргі өмірдің шарты. Яғни барша Қазақстандықтарды дене шынықтырумен, спортпен айналысуын міндет санаймын. Әр адам үнемі шынығу жаттығуларын орындауға үйренуі керек.

Жалпы мемлекет көп құрылымды, бір-бірімен тығыз байланысқан салалардан тұратын күрделі жүйе болып табылады. Сол жүйенің іс-әрекетін қамтамасыз етіп отырған қозғаушы күштердің бірі-мемлекеттік қызметкер, яғни адам. Қандай да міндеттердің орындалуы адамның мүмкіндіктеріне, әлеуетіне байланысты.

Халқымыз ерте заманнан бері спортқа әуес болғанын білеміз. Ит жүгіртіп, құс салған, ат жаратып, көкпар тартқан, жаяу жарыс, түрлі сайыстар ұйымдастырған. Ата-бабамыз тоғыз құмалақ ойнаған. Халқымызды бір қырынан танытуына атсалысу міндетіміз.

## **Әдебиеттер**

1. Р.Р.Аманбаев. Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері.(оқу құралы) Алматы 2006 ҚС ж ТА.

---

2. Е.Қ. Уанбаев, Ф.Ж. Уанбаева Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Өскемен. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы. 2006.

3. Ұ.Мұхамеджанова. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. «Фолиант» Астана. 2007.

## **ЕЛІМІЗДЕГІ СПОРТШЫЛАРДЫҢ БАҒЫТЫНДАҒЫ ІС-ТӘЖІРИБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

### **Касымкулова Аселхан Пазылжановна**

Байзақ ауданы. Ғазиз Байтасов атындағы тірек мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Заманның талабына орай оқыту мен тәрбие беру үрдісін, тиімді инновациялық әдіс-тәсілдермен және салауаттану бағытында ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттай отырып спортшыларымыздың бойына сіңетіндей етіп ұйымдастырғанымыз дұрыс. Қоғамымыздың дамуының барлық сатыларында өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оларға білім беруге салмақты үлес қосып, елін әлемге танытып келе жатқан ұрпақтарымыз шығуда.

Демек, денсаулық, спорт, тәрбие, білім бұлар-егіз ұғымдар. Олай болса, қоғамымызды өркендететін бүгінгі ұрпақтың денсаулығы мықты болу үшін спорт қажет, спорт арқылы тәрбие қалыптасса, бұлар жинақталып білімді азамат шығатынына сенімдімін. Спорт жас ұрпақтың бойында күш, ептілік, төзімділік, мықтылық, сергектік секілді қуат сапаларын қалыптастырады.

Президентіміз Н.А.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында: «Біздің болашақ ұрпағымыздың өсіп жетілуіне әлеуметтік жағдайларын дұрыс қалыптастырып, балалардың білімді, дені сау, епті, күшті, сымбатты болып өсуіне көңіл бөлу қажет»-деген.

Биылғы Тәуелсіздіктің 20 жылдығына, Елбасымыздың жолдауында: Сапалы білім беру Қазақстанның индустриалындырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс жәнеде Саламатты өмір салтын насихаттап барлық жерде салынған спорт базаларын пайдалану керек делінген. Яғни, келешекте ұрпақтарымыз болашақ ғалым, президент, атақты спортшы экономист, ұстаз, ұшқыш, дәрігер болулары керек. Ұрпақтарымыз ауру, сырқатты болса, онда оның тіршіліктегі пайдасыда болмайды. Жеке тұлғаның дамуына биологиялық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар әсер етуде.

Қазіргі уақытта спортшыларымыздың енжарлығын, қажығандығын, әлсіреп, шаршап тұратындығынан спортқа көңіл бөлулері келмейтіндігі байқалады. Сондықтан оқу процесінде, оқу бағдарламасында өзгерістер енгізіліп, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер қолданылуда. Осыған орай ұйымдастырылған дене тәрбиесі спортшылардың жас ерекшеліктерін ескеретін дене тәрбиесін ағзаға сай жетілуіне бағытты түрде есер ететіндей құрастырылады. Онда жаңа әдіспен технологияны қолдану арқылды іс-қимыл жаттығуларын одан әрі шындайды. Дене қуаты қабілетін жетілдіріп өз бетімен оқу, еңбек іс-әрекетінің артуына, жеке мәндік қасиеттердің қалыптасуына әсер етеді.

Дене тәрбиесі бұл адамның аса бағалы қазынасы. Дені сау, жан-жақты шыныққан адам елдің шын мәніндегі байлығы. Денсаулықтың нығайтудағы негізгі құралы ретінде дене шынықтыру мен спорт олардың қалыптасуына берік дағдылардың дәнін егеді. Жасөспірімдерді дене шынықтыру мәдениетіне тәрбиелеу, оқыту барысында әр түрлі ойындарды пайдаланумен қатар дене түзілісін дұрыс қалыптастыру және салауатты өмір салтына үйретіп, ақыл-ойын дамыту арқылы рухы мықты, шымыр, дені сау, батыл болып өсуіне ықпал ете отырып жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыруын айтар едім. Жәнеде мынандай міндеттерді жүргізу керек, яғни: спортшылар жүйелі спортпен айналысып, нәтижесінде алған білімдері мен дағдыларын жетілдіруге ұмтылысын туғызу, дене шынықтыру арқылы үнемі шынығу және президенттік сынақтардағы шекті талабын тапсыру үшін даярлық деңгейін көтеру, спортшылардың денсаулығын нығайту, дене түзілісін қалыптастыра отырып салауатты өмір салтын құру, спортшылардың жалпы спорт

---

түрлерімен айналысуын жетілдіру, даярлығын қалыптастыру, ата-аналар арасында дене шынықтыру мен спортты насихаттау.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда жас ұрпақ өміріне, оның ағзасының дұрыс жетілуіне тигізер пайдасының, спортпен шұғылдану арқылы келетінін насихаттау міндетіміз. Мұндайда дене тәрбиесімен шұғылданудың негізгі түрі сабақ. Сабақтың ерекшеліктері-мақсат, мазмұн, оқыту құралдары мен тәсілдері, оқу шараларын ұйымдастыру, оның ішінде біліктілік, тәрбиелік және жалпы дамыту мақсаттары басты міндет атқарады. Дене шынықтырудың теориялық білімдерін ғана емес, жалпы білім алуда, шеберліктер мен дағдыларды да қалыптастыру қажет. Бұлар дене тәрбиесі анағұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Спортшының жеке басының тәрбиесі мен денені жалпы дамыту мақсаттары жүзеге асырылады. Жыл басынан спортшылар міндетті түрле дәрігерлік-бақылау қорытындысы бойынша денсаулығын, спорттық көрсеткіштеріне даму деңгейіне қарай әр түрлі топтарға бөлінеді, соған қарай сабақтар, жаттығулар ұйымдастырылады.

Дене шынықтыру жаттығуларын алуан түрлі болуы көптеген міндеттерге байланысты. Бұл міндеттерді шұғылданушылар мен спортшы бір жаттығуында емес, ұзақ дайындық кезінде шешеді. Оқу-тәрбие, сауықтыру және жаттықтыру жұмысының тиімділігі белгілі дәрежеде жаттығудың ұйымдастырылуы мен әдістемесіне байланысты. Оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру, яғни деңгейлеп, жекелеп, топпен оқыту технологиясын пайдаланып, өткізуге болады. Мұндайда спортшылар топ құрып, денсаулығын, дайындық деңгейін және басқа көрсеткіштерін ескере отырып, жаттығу өткізу құралдары мен тәсілдерін тиімді іріктеп алуы керек. Жаттығудың дұрыс орындалуын түсіндіру, қателіктерін түсіндіру, тазалық сақтауды ескеріп отыру керек. Жаттығуда ұйымшылдықты, тәртіпшілдікті, сапалылықты, белсенділікті спортшы бойына сіңіре отырып мақсатқа жету үшін жұмысқа қабілеті мен мінез-құлқын қалыптастырады.

Шұғылдану кезінде қолданылатын құралдар мен тәсілдер ерекшелігінің қуат-әсеріне қарай дене шынықтыру мен спорттың өзі жеке адамды қалыптастыру жүйесін үйлестірудің педагогикалық ықпалдың өзге салаларында онша жүзеге аса бермейтін резервтерін атап айтқанда, жеке адамның түрлі, ал кейде аса күрделі жағдайларда шешім қабылдау кезіндегі көпшіл, дербестік шығармашылық белгіленген міндеттерге құлшыныс сияқты бағалы қасиеттерін анықтау және кейіннен пайдалану мүмкіндегіне ие болады. Ұстаздың басшылығымен олар басқалардың жаттығуларды дұрыс орындау тәсілдерін ғана емес, саналы іске жіне әдепшілдікке үйренеді.

Шұғылдану өзінің бағыттылығымен, мазмұнымен қаншалықты ерекшелігімен, олардың әрқайсысы жекелеген бөліктердің бөлінуімен көздейтін жалпы құрылым арқылы жүзеге асырылады. Сабақта бірнеше міндеттер шешіліп, түпкі нәтижеге жетуге қарай бағытталады.

Жалпы еңбек жүйесінде, дене шынықтыру жаттығуларын орындау кезінде музыкалық жағымды әсері күші әлсіздерді қайраттандырып, іске ынталануына, ықпал ететіндігі белгілі. Жаттығуды музыкамен өріп, жалпы дамыту жаттығуларының тиімділігі арттырып жатуы да тәжірибеде кездеседі. Музыкалық мақсаты жалпы жағымды музыкалық дыбысты құруда көңілді негізгі жұмыстан басқаға аудармауға көмектесу көңіл көтереді, жұмысын орындауға құлшындырады. Дене шынықтыру мамандарына өздік білімін жетілдіру, кәсіптік шеберлігін көтеріп отыру дұрыс.

Қоғамның болашағы әр адамның денсаулығына байланысты, ал денсаулық әрбір адамның бақыты. Дене шынықтыру және спорттың өмірде алатын орны ерекше, өйткені ол саламатты өмір салтын насихаттаудың басты қозғаушы күші болып табылады. Дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілеттерінің негізін салып, оларды белсенді болуға, елін қорғауға дайындайды және жан-жақты үйлесімді дамытып жетілдіреді, денсаулығын сақтап нығайтады. Жас қоғамның дамуы олардың төзімділігіне негізделінеді.

Адамдарды спорт арқылы тәрбиелеу, адам дене бітімінің дамуын, қалыптасуын, қоғамдық қарым-қатынасын тәрбие барысында зерттеу, жеткіншек ұрпаққа нысаналы тәрбие берудің бұрыннан қалыптасқан тарихи түрлерінің бірі болып табылады.

Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану ағзаның жалпы шынығып нығаюына көмектеседі, өткені ол бұлшық ет, тыныс алу және жүйке жүйелерін дамытады, ішкі ағзалар, зат алмасу және

---

қан жүруін күшейтеді, әдемі сымбат, қимыл ептілігін қалыптастырады. Жақсы денсаулық қызметінің кез келген түрімен, соның ішінде ой еңбегімен ойдағыдай шұғылдануға көмектеседі. Сау дененің әдемілігі, тамашада епті қимыл әрдайым шабыт көзі болып табылады.

Адамдардың дене шынықтыру және спортпен айналысу қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ояту, ынталандыру және дененің дамуы мен денсаулықты нығайтудың психикалық құбылыстарды түсіндіру немесе адам ағзасының қызметін тұтас жинақталу тұрғысынан, құрылымдық-мағыналық жағынан қарастыру арқылы әрбір психикалық құбылыстың физиологиялық тетігін және әрбір физиологиялық іс-барысының психикалық маңызын айқындау негіздерін терең ұғынуларына, сонымен қатар ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тағы басқа тәрбие салаларының дамуына да ықпал ету мүмкіншіліктеріне жағдай жасауы болып табылады.

Елдің экономикалық дамуына және ұлттың табыстық көлеміне байланысты дене тәрбиесі жүйесі жұмыс атқарады. Осыған байланысты халық шаруашылығының құрамдас бөлігі есебінде дене тәрбиесінің өзінің экономикалық көрсеткіштерін айырып көрсету қажет, яғни мемлекеттік бюджеттен, кәсібодактан, жеке-тұлға, демеушіден дене тәрбиесінің әртүрлі құрылымдарын құжаттық қамту және қаржыландыру.

Дене тәрбиесі қозғалысының өз ішіндегі экономикалық қызмет арнайы бөлінген қаржыны, спорт ғимараттарын жалға беруден түскен табысты, дене тәрбиесінің ақылы түрлерін: денсаулық топтары, емдік дене шынықтыру, сылап-сипау, сауықтыру топтары, сауықтыру жүгірістерінің клубтары, жүзу және тағы басқаларын тиімді пайдайдалану.

Адам дамуының, оның тұрмыс жағдайының арту себептерінің бірі денсаулық жағдайын сақтау, сырқаттанудың алдын алу және жұмыс қабілеттілігін ұзарту болып табылады.

Дене тәрбиесінің экономикалық ролі оның адам еңбегіндегі алатын орнымен анықталады. Қазіргі өндіріске қатынасу үшін адамның қажетті дене қабілеттерін дамытуды басқару дене тәрбиесі қызметтерінің бірі болып табылып және кез-келген өндірістің экономикалық тиімділігінің маңызды бөлігі есебінде анықталып отыр.

Спортты дене тәрбиесінен жеке дара қарауға болмайды, яғни спортсыз жастарға толық мәніндегі дене тәрбиесін беру мүмкін емес.

Жас ерекшелігіне қарай дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы тиіс. Ұрпағымызды дене шынықтыру мен спорт өнеріне тәрбиелеу басты борышымыз.

ӘОЖ 796.018

## **БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ АРҚЫЛЫ САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Әуесбек Нұрғиса Қамарұлы**

Парасат колледжінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Бүгінде кейбір адамдардың түсінігінде денсаулық аурухана, емхана, дәрі-дәрмек ұғымдарымен араласып кеткен сияқты. Көп азаматтар өзінің денсаулығын ауыра бастағанда, болмаса бір жері жарақаттанған кезде ғана есіне алады. Сөйтіп, дәрігерге барып, түрлі дәрілерді іше бастайды. Меніңше, мұндай шаралар адам денсаулығын жақсартпайды, тек аурудың әрі қарай дамуын, оның асқынып кетуін ғана тоқтатса керек. Оның үстіне дәрі құрамындағы химиялық заттар бір жағынан зақымдап отырады. Сондықтан, емделуді ғана ойламай, сол аурулардың алдын алу мәселелерін қарастыру қажет, яғни ол-дене шынықтыру мен спорт.

Адамның өмірлік күші немесе өмірлік қуаты деген түсінік бар. Оның деңгейі адамның денсаулығына, психологиялық және көңіл-күйіне, жалпы ішкі жан дүниесіне тәуелді болады. Дана халқымыз айтқандай, «Дені саудың-жаны сау». Егер адам әр уақытта дене шынықтырумен айналысып, әр уақытта өзінің денсаулығын түзету үшін түрлі спорт жаттығуларын орындап отырса, ол тек дені сау болып қана қоймай, өмірдің барлық саласында табысты болуына мүмкіндік

---

жасайды. Бірақ, спортпен айналысу керек екен деп мөлшерден тыс дене шынықтыру жаттығуларын жасаудың қажеті жоқ. Әр нәрсенің өзінің жөні, реті болады. Қазіргі таңда бізге саламатты өмір салтын қалыптастыру, оған бұхара халықты тарту үшін арнайы ғылыми-зерттеулер негізінде жасалған сауықтыру бағдарламаларын жасау қажет. Сол бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы стратегиялық міндеттердің бірі-дені сау ұлтты қалыптастыра аламыз.

Саламатты өмір салтын қалыптастыру үшін оған қажетті инфрақұрылымды дамыту қажет. Әркім өзінің денсаулығына өзі жауапты. Солай бола тұрса да, бүгінгі күні мемлекет бұл мәселеден шет қалып отырған жоқ. Қазір біз саламатты өмір салтын дамыту үшін, жоғарыда айтқанымдай, ғылыми-зерттеулерге негізделген және халықаралық тәжірибеге сай сауықтыру бағдарламаларын жасауымыз қажет.

Халықты сауықтыру бағдарламасы адамдардың денсаулығын жақсартуға, әр түрлі сырқаттардың алдын алуға, спортпен, дене шынықтырумен үнемі және тұрақты түрде айналысуға бағытталған. Жобаның тағы бір ерекшелігі, ол халықты тек спортқа баулу ғана емес, денсаулығы мықты азаматтарды қалыптастырумен қатар, ерік-жігері мықты, өзіне сенімді азаматтарды тәрбиелеп шыға аламыз. Ендеше, спорт тек дене шынықтыру емес, сонымен қатар тәрбие.

Адамның, әсіресе орта жастағылардың қозғалыс белсенділігінің жүйелі барысы жұмыс қабілеттілігінің мезгілінен бұрын жоғалту мүмкіндігін азайтады және қоғамға елеулі материалдық табыс әкеледі. «Шыныға білмеген, тыныға да білмейді», деп халық текке айтпаған. Сондықтан, бұлшық етті шынықтырып, сондай-ақ тынықтырып та отыру керек. Адам ауыр жүк көтергенде қажиды, өйткені бұлшық ет жұмыс істегенде оттегі мен қоректік заттар көп пайдаланылады. Сөйтіп, заттың алмасуы күшейеді. Егер адам үнемі дене еңбегімен және спортпен шұғылданса, таза ауада тынықса оның қан айналымы жаттығып, қажуды тез арада жойып, мүшелердің қызметіне әсер етеді.

Сондықтан мұндай адамдар төзімді, еңбек өнімі жоғары, сондай-ақ сыртқы ортаның зиянды әсерлеріне және ауру туғызатын микробтарға олардың ағзасы қарсы тұра алады. Олардың бұлшық еттері нағыз, болаттай шыныққан, сүйегі алмастай мықты, көңілі жарқын, денесі мығым, жүріс тұрысы әдемі.

Дене тәрбиесін ұйымдастыруға кететін шығыннан артық болатын оның тиімділігі осыдан көрінеді. Еңбекшілердің дене тәрбиесімен айналысуы нәтижесінде болатын тиімділікті спортпен айналысатын және айналыспайтындардың күндік еңбек өнімділігін, сонымен бірге осы топтардағы сырқаттанушылардың айырмашылығын біле отырып анықтауға болады. Өндіріс кәсіпорындардағы дене тәрбиесінің экономикалық тиімділігін зерттей отырып, еңбек өнімділігінің арту және сырқаттанудың азаюы секілді екі негізгі себептерінің есебінен құралатындығын дәлелдеп отыр. Мұның өзі дене шынықтыру-сауықтыру шараларына спорт ғимараттары мен өзге де құрылыстарды салуға, қызметкерлердің еңбек ақысын төлеуге кететін қаржының тиімділігін көрсетеді.

Адамның жоғарыда айтылған дене қасиеттері мен қабілеттерін қалыптастыру тек қана кәсіби қолданбалы дене даярлығының барысы және спорттық қолданбалы түрлерімен айналысу барысында табысты түрде жүзеге асырылмақ. Ал олардың экономикалық тиімділігі жасалынған жинақталған зертеулермен дәлелденіп отыр.

Өндіріс тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып өндірістік озық технологиясына, еңбектің үдемелі қарқындылығына байланысты еңбек өнімділігінің арттыру болып табылады. Мұнда дене тәрбиесі құралдарымен қалыптасатын және көтермеленетін адамның дене және психикалық мүмкіндіктері көрініс береді.

Мемлекетіміздің аса маңызды міндеттерінің бірі, ол бүгінгі ұрпағымыздың дене күштері мен рухани күштері сайма-сай жетіліп, шынығып өсетіндей етіп тәрбиелеу ісі.

Ұрпағымыз парасатты, сымбатты да сұлу, денсаулықтары мықты болуы тиіс. Болашағымызды тәрбиелеу, орталық жүйке жүйелерін шынықтыру құралдарының қатарына жататын спорт түрлері: шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ болып табылады.

---

Адам спортпен шұғылдану барысында, ең алдымен, өзінің ішкі жандүниесімен, осал тұстарымен, әлсіздіктерімен бетпе-бет келеді. Шынығу ол өзінің өмір сүруіне дамуына, өсуіне кедергі жасап жүрген әдеттерді жеңуге көмектеседі. Сондықтан спортпен айналысуды насихаттау, сауықтыру үрдісін жүзеге асыру мәселелері ерекше назарда. Мемлекеттік органдар, әр түрлі ұйымдар мен жоғары және орта білім беру орындарында тұрақты түрде осы сала бойынша жұмыстар атқарылуда.

Біздің алдымызда, мемлекеттік орган ретінде, бұқара халықты жаппай дене шынықтырумен айналысуға тарту міндеті тұр. Дені сау ел болу- бұл біздің мүддеміз. Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті болу идеясы кеңінен насихатталуда. Ол өзінің бастауын ең алдымен денсаулықтан бастайды. Адам ағзасы әр уақытта қандай да болмасын ауыртпалықтарға дайын болуы тиіс. Дене еңбегімен, тіпті, ой еңбегімен айналысатын адамдар жұмыс барысында бірталай күш жұмсайды.

Спорт бір жағынан денсаулық кепілі, екінші жағынан төзімділік қалыптастыру себебі болып табылады. Міне, спорттың осы ерекшеліктерін ескерсек, оның адам өміріне, жалпы қоғамға тигізер пайдасы көп. Халқымыздың ділінде денсаулық туралы ауырған кезде ғана ойлау қалыптасып қалған.

Егер сіз бүгін спорт кешеніне барып, жаттығудан бас тартып, ақшаңызды үнемдейтін болсаңыз, ертеңгі күні одан да көп шығындануыңызға тура келеді.

Біздің алдымызда тек спорттық кешендер ғана емес, сауықтыру орталықтарын жасау міндеті тұр. Осыған орай, алдағы уақытта аурухана, емханаларда орналасқан физиотерапиялық емдеу кабинеттерін сауықтыру орталықтарына айналдыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Егер емханалар тек ауруды емдеп қана қоймай, оның алдын алумен айналысатын болса және ол бұқара халыққа қол жетімді болса, онда біз Елбасының дені сау ұлт құру идеясын жүзеге асыра алатын боламыз.

Қазіргі жастардың көпшілігі бос уақыттарын компьютердің алдында өткізгенді ұнатады. Күні бойы отырып, дене еңбегімен айналыспаған баланың толық физикалық дамуын қайдан болсын. Ертеңгі күні дені сау, дене бітімі мықты тұлға болуына кері әсерін тигізеді. Қазіргі кезде медициналық комиссиядан өткен жастардың біразы әскерге жарамсыз болып қалуда. Осы мәселені шешу мақсатында мемлекеттік органдар алдында жастарды саламатты өмір салтына үйрету міндеті тұр.

Спорт-денсаулық кепілі. Бүгінде жалпы Қазақстан халқының алдында жоғары білімді, бәсекеге қабілетті ұлт құру міндеті тұр. Бұл заман талабы, қазіргі өмірдің шарты. Яғни барша Қазақстандықтарды дене шынықтырумен, спортпен айналысуын міндет санаймын. Әр адам үнемі шынығу жаттығуларын орындауға үйренуі керек.

Жалпы мемлекет көп құрылымды, бір-бірімен тығыз байланысқан салалардан тұратын күрделі жүйе болып табылады. Сол жүйенің іс-әрекетін қамтамасыз етіп отырған қозғаушы күштердің бірі-мемлекеттік қызметкер, яғни адам. Қандай да міндеттердің орындалуы адамның мүмкіндіктеріне, әлеуетіне байланысты.

Халқымыз ерте заманнан бері спортқа әуес болғанын білеміз. Ит жүгіртіп, құс салған, ат жаратып, көкпар тартқан, жаяу жарыс, түрлі сайыстар ұйымдастырған. Ата-бабамыз тоғыз құмалақ ойнаған. Халқымызды бір қырынан танытуына атсалысу міндетіміз.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Р.Р.Аманбаев. Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері.(оқу құралы) Алматы 2006 ҚС ж ТА.
2. Е.Қ. Уанбаев, Ф.Ж. Уанбаева Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Өскемен. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы. 2006.
3. Ұ.Мұхамеджанова. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. «Фолиант» Астана. 2007.

### **ДЗЮДОДАҒЫ ЖАТТЫҚТЫРУШЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

---

**Уанасов Жамбылбек Таласбекович**  
Парасат колледжінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Дзюдо бойынша жаттықтырушының кәсіби қызметін қарастыра отырып келесідей блоктарды бөліп алу қажет: - ұйымдастырушылық, оқыту (білім беру); - әдістемелік; - насихатшылдық; - сауықтыру және қоғамдық-саяси; Жаттықтырушының ұйымдастыру блогы қызметіне көптеген мәселелерді шешу кіреді: оқу-жаттығу қызметін қаржыландырудан бастап зал құрылысы, қаладан тыс жерлердегі базалар, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге дейін. Сонымен қатар, спорт мектептері жүйесін, жалпы және арнаулы білім беру жүйесін (мектеп-колледж-жоғары оқу орыны - магистратура – аспирантура – докторантура) құру да маңызды. Жоғары білікті балуандарды дайындау міндетін тиімді шешу үшін қолайлы жағдай туғызуға ықпал етеді.

Жаттықтырушының оқыту әрекеті блогы разрядты спортшыларды, қоғамдық-жаттықтырушыларды және төрешілерді дайындаудан тұрады. Жаттықтырушының әдістемелік жұмыстары блогы балуандардың адамгершілік, зияткерлік, эстетикалық, ерік, техникалық, стратегиялық-техникалық дайындықтарын дамытуға бағытталған.

Жаттықтырушының насихаттау қызметі блогы жарыстарды ұйымдастыру және өткізу, көрсеткіштер, сонымен қатар БАҚ баспасөз конференцияларын ұйымдастыру және өткізумен байланысты. Жаттықтырушының сауықтыру қызметі блогы тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, дене бітімдерін қалыптастыру, кондициялық қасиеттерін (төзімділік, икемділік, күштілік және т.б.) жетілдіруге бағытталған.

Жаттықтырушының қоғамдық-саяси қызметі блогы – бұл аймақтық федерациялар мен қоғамдық ұйымдардың жұмыстарына қатысу, федерация басшылығының жекелеген тапсырмаларын орындау. Осы блоктардың барлығы жаттықтырушының кәсіби қызметінің үлгісін құра отырып, жаттықтырушы кадрларды даярлау және қайта даярлау үшін оқу пәндері мен оқу бағдарламаларының мазмұны негіздерін құрайды.

Дзюдодоғы жаттықтырушының негізгі қызметтеріне тоқталсақ: 1. Техникалық-тактикалық дайындықтарын басқару. Спортшылардың техникалық-тактикалық дайындықтары көп жылғы жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Осы уақыт ішінде жаттықтырушы техника бірліктерін, стратегия мен тактикаларды, жекпе-жекте жүргізу шеберліктерін үйрену және жетілдіруді пайдалана отырып, біртіндеп жеке бағдарламалар құрады (немесе оқушылар тобына арналған бағдарламалар).

Осы мақсатта келесідей әдістер қолданылады: - кейіннен техникалық-тактикалық шеберліктің нақты жақтарын сипаттайтын түрлі критерияларды есепке ала отырып, жаттығу және жарыс жекпе-жектерін таңбалап немесе стенографиялық жазып алу; - шабуылдау, байланыс және қорғаныш әрекеттерінің орындалу сапасына бақылау жасау; - жекелеген техникалық-тактикалық әрекеттердің түрлі уақыт, кеңістік, күш және ырғақ сипаттарын және олардың комбинациясын бағалау және өлшеу.

2. Жеке кәсіби және мәдени деңгейлерін арттыру. Жаттықтырушы қызметінің бұл қызметі «білімділік», «мәдени деңгейі», «өз білімін жетілдіру», «өзін-өзі тәрбиелеу», «дамыту», «өзін-өзі дамыту» және басқа ұғымдардың анықтамасымен тығыз байланысты. Жаттықтырушы өз білімін үнемі жетілдіру, білімін жинақтау арқылы біртіндеп өзін тек жаттықтырушы-практик ретінде ғана емес, сонымен бірге жаңашыл жаттықтырушы ретінде де жаңа қырынан тани бастайды, бұл жаттығуларды түрлендіруге, оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

3. Ұжымда тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру. Ол спортшылардың адамгершілік, зияткерлік және эстетикалық дайындықтарын міндетін шешуден тұрады. Жаттықтырушы қызметінің бұл функциясы ең қиын функциялардың бірі болып есептеледі, себебі ол тәрбиеленушілердің



---

дүниетанымдарын, сүйіспеншіліктерін, еңбексүйгіштіктерін, патриоттық сезімдерін, интернационализм, жолдастық, азаматтық жауапкершілік сезімдерін қалыптастыруға бағытталған.

4. Балуандардың дайындық барысын жоспарлау. Жоспарлау болжамы негізінде төртжылдық, жылдық, макро-, мезо- және микроциклдар дайындалады. Жаттықтыру жылының жоспары аса маңызды. Оны дайындау спорттық-көпшілік іс-шаралар күнтізбесі, көптеген ілеспелі факторлар мен спорт қызметі шарттарын есепке алумен байланысты.

5. Балуандардың ерікті дайындықтарын басқару. Балуанның ерік дайындығын оның техникалық-тактикалық және физикалық дайындықтарының идеологиялық күйі ретінде анықтауға болады. Сондықтан көп жылғы жаттығу барысында, физикалық мүмкіндіктерінің өсуі, техника, тактиканы меңгеру деңгейімен бірге балуанның ерік қасиеттерін дамыту деңгейі де өседі. Ерік дайындықтарын дамытудың маңызды бағыты спортшыларда табысқа, жеңіске жетуге сенімділікті, жаттықтырушыға сенімін, жаттығу бағдарламаларына сенімін тәрбиелеу болып табылады.

6. Спортшылардың жаттығу жағдайы мен спорттық қызметтеріне бақылау жасау. Бақылау нәтижелері жоспарланған және нақты жүктемелерді (олардың көлемін, бағыттылығын, қозғалысын), сонымен бірге балуанның жаттығу жағдайын салыстыруға мүмкіндік береді. Алынған мәліметтерге сәйкес жаттықтырушы жаттығу бағдарламалары мен жекелеген тапырмаларға түзетулер енгізеді

7. Балуандардың дене шынықтыру дайындықтарын басқару. Жаттықтырушы қызметінің бұл функциясы оның жекпе-жектегі медико-биологиялық негіздері саласында терең білімінің болуын талап етеді. Себебі жаттықтырушыға спортшының дене бітімін қалыптастыра отырып және спорттық шеберлігінің кондиционды бөліктерін (жылдамдық-күштілік қасиеттері, төзімділік, икемділік және т.б.) жетілдіре отырып, оның денсаулығын нығайтумен айналысатындықтан, оған спорттық медицинамен байланысты көптеген мәселелерді шешу, түрлі аурулардың жүрісі, мүмкін болатын аурулар туралы түсінігінің болуы, жарақат алу себептерін және басқаларды білуі қажет

8. Балуанның жарыс әрекеттерін басқару. Ол спортшыларға жарыс алдындағы кезеңде және жарыс өткізу барысында көмек көрсетуден тұрады. Жаттықтырушының басты қамқорлығы – спортшының жаттыққандығы жағдайына, оның салмақ режиміне, ұйқысына, тамақтануына бақылауды жүзеге асыру, жарысты жүргізу барысында спортшының тактикасы мен стратегиясы мәселелерін дайындау, спортшының жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруін қадағалау, жаттықтыру сабақтарын ұйымдастыру және жүргізуіне қамқорлық жасау, әрбір жекпе-жектегі тактикалық жоспарын жасауға көмек көрсету, ширығуына көмектесу, жекпе-жекке дайындау, оның барысын қадағалау, нәтижелерін талдау, қарсыластың жекпе-жектерін қарау, төрешінің жұмыс ерекшеліктеріне талдау жасау және т.б.

9. Спорттық іріктеулерді жүргізу. Іріктеуді дұрыс жүргізу кезінде дарынды және тәрбиелі көрнекті спортшыларды тарту мүмкіндігі артады. Жаттықтырушы қызметінің бұл функциясы үш өзара шарттастырылған, бірақ біршама дербес бөліктерден тұрады: 1) балалардың спорттық бағдарларын анықтау немесе бастапқы іріктеу; 2) құрама командаға кандидаттарды іріктеу; 3) құрама командаларды жинақтау. Жаттықтырушы қатысушыларды іріктеу және команданы жинақтаумен айналыса отырып, іріктелушілердің талабы мен қабілеттіліктерін, дәйектілігін, немесе спорт жекпе-жегінің осы түрімен айналысуға ынтасының болуын және т.б. ескереді.

10. Спортшының жұмысқа қабілеттілігін арттыру және қалпына келтіру. Бұл ретте жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіретін және арттыратын психореттеуші, механикалық, температура, электр, дәрі-дәрмектер және басқа да процедуралар аса пайдалы. Жаттықтырушы энергетикалық қамтамасыз етудің аэробты және анаэробты процесстерін аса тиімді жетілдіруге ықпал ететін және түрлі бағыттағы жаттығу сабақтарынан кейін жұмысқа қабілеттіліктерін қалпына келтіруге көмектесетін сергітетін құралдарды білуге және қолдана білуге міндетті.

11. Алғашқы көмек көрсету. Спорттық жекпе-жекпен айналысу сабақтары кейде денсаулық нормаларынан ауытқушылықтармен өтіп жатады: қатты жүктемелік кезіндегі есеңгіреу жағдайынан, қылғындыру тәсілдері кезінде есінен тану, кейбір бұлшық еттерінің тырысып қалуы,

---

қан ағуы, түрлі жарақаттар алу (сыну, шығу, ми шайқалуы) және т.б. жаттықтырушы күтпеген жағдайларда алғашқы көмек көрсете білуі тиіс.

12. Жарысты ұйымдастыру. Жарыстар мықты тәрбиелік іс-шара болып табылады. Олар оқу-жаттығу процесінің қорытындысын жасайды, оның жалғасы болып табылады. Жаттықтырушылар жарысты жүргізуге қажетті барлық байланыстарды қарастырады.

Жаттықтырушы- рухани биік адамгершілік қасиетке ие, зейінді ұқыпты, мәдениеті жоғары, спортшыларды шебер, білікті ұйымдастыра білетін адам. Спортқа адал, өз ісіне шын берілген, батыл ізденістер мен жаңашылдықтарға бейім, ұдайы мақсатқа ұмтылатын, педагогикалық еңбектің нәтижесін жүйелі түрде ескеріп отыратын, тәжірибелік қызметте педагогикалық идеялар мен әдістемелік ұсынымдарды ұтымды пайдаланатын, спортшыларды алған теориялық білімдерін практикада оңтайлы қолдана білуге үйрететін, орын алған педагогикалық жағдаяттарды саралап талдап, спортшыларға ықпал етудің анағұрлым тиімді жолдарын таңдай білетін білікті маман.

Қазіргі психология, физиология, биомеханика, дәрігерлік бақылау және басқа да ғылымдар бойынша өте үлкен ғылыми зерттеу әлеуеттеріне сүйенген спорттық жетістіктер жаттықтырушы қызметін бөлуді талап етті.

Мысалы, балалармен жұмысты ұйымдастырушы-селекционердің аса мықты жағы балаларды өзінің табиғилығымен тарта білу, оларды патриоттық сезімдерге тәрбиелей отырып, топтарға бекіте білу біліктіліктері болуы тиіс.

Сонымен қатар, ұйымдастырушы-селекционер жаттықтырушы таза адами тұрғыдан (қамқорлық жасау, адалдық, аяшылық білдіру, қатысу) үлкен әлеуетке ие болуы тиіс. Сонымен бірге, балалар психологиясын, бала организмнің мүмкіндіктерін тамаша білуі, жүктемелерді дұрыс пайдалана білуі тиіс.

Әрбір жастың дәйегі пен ынтасы шебер, чемпион болуды армандайды. Ол үшін оқу-жаттығу жиындарын қамтамасыз ету, тамақтандыру, өткізу, турнирлерге апару қажет.

Қорыта айтқанда, жаттықтырушы тамаша психолог болуы тиіс, әйтпесе топта басқа жаттықтырушыға немесе тіпті жалпы спорттан кетуге дейін баратын түсініспеушіліктер пайда болуы мүмкін.

## **ШЕРТПЕ (САҚАМЕН АСЫҚТАРДЫ ШЕРТПІ АЛУ ОЙЫНЫ)**

**Усипбаев Нурбол Мейрамбекович**

Жамбыл ауданы, Юрий Гагарин атындағы мектеп-лицейінің ДШ мұғалімі

**Шилібаев Бекболат Аманжолұлы**

«Үшбас» спорттық асық ойынының авторы

Қалтасына асықтарын толтырып, көше бойында ойнаған балалардың өзі бір ғажап дүние екен-ау. Тізілген асықтарды атқылаған бүлдіршіндердің айқай-шуын сағынатын болыппын. Асығын бояп, қорғасын құйып, ләңгісін әрлеп жатқан балалар әуресі бірер жылдардан кейін көзден ғайып болатындай қорқамын. «Таста анау асығыңды, кір үйге» деп айқай салып жатқан ананың дауысын да естімегелі көп болыпты.

Бауыржан Момышұлы «Асық – үлкен халықтық тәрбие» деп баға беруінің өзі асықтың жан-жақты пайдасының бар екенін байқауға болады.

Асық ойындары ұлттық ойындар ішіндегі ең көнесі. Асық ойнаған бала мен асық жинаған аталардың сиреп кеткені шындық. Бүгінгі заман – өркендеу кезеңі. Тың құрылғылар мен бала көңілін аулайтын ойыншықтар жарық көруде.

Дүние жүзі медицина мамандары компьютерде көп отырған баланың есте сақтау қабілетінің төмендеп, омыртқа ауруына, шаш түсу, күйзеліске ұшырау аллергиялық

---

ауруларға бой алдырғыш, қан айналысы, ас қорытуы, зат алмасуы бұзылады және басқа да көптеген ауруларға себеп болатынын ескертеді.

Ал біле-білгенге асық ойынының баланы дамытудағы алар орны ерен екен. Асық ойыны, баланың күн ұзақ қимылына тигізер әсері де мол. Ойын барысында: жүгіру, жүру, иілу, секіру, сақа иіру, көздеп тигізу, лақтыру, ату жатады. Мысалы, сақаны қолға алып, бір аяққа тұрып, бір аяқты серпіп қалып асық атқанда, он екі мүше түгел созылады екен. Бұл – буын ауруларына қарсы жаттығудың түрі. Екіншіден, күллі жүйке, тамыр ауруларынан құтыласыз.

Жүгіріп те аласыз, отырып-тұрасыз, көздейсіз, атасыз. Бір асық ойынының бойында спорттың барлық түрі сыйып тұр. Мергендікпен қатар, баланың ептілігі, шапшаңдығы, табандылығы және қырағылығы жетіледі. Көздің көру қабілетін арттырады. Асықты нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарады. Ал қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері үйкеліске түсіп, ми тынығады.

Асықтың атаулары:

Алшы – асықтың тәйкеге қарама-қарсы жағы яғни алшы тұруы. Тәйке – асықтың алшыға қарама-қарсы жағы. Бүге – асықтың дөнес жағының жоғары қарап түсуі. Шіге – асықтың қуыс жағының жоғары қарап түсуі. Омпы – асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап түсуі немесе тік тұрып қалуы. Шоңқай – асықтың омбаға қарсы жағымен тік түсуі.

Ал асықтың басқа да түрлері жайлы белгілі журналист Айқын Жаппар бір мақаласында: «Көптеген түрлері ұмытылып, мүлде ойналмайды. Ережелері де сол күйі сақталмаған. Себебі қазір ауылда болмаса, қалада балалар асық ойнамайды. Асық ойнаудың өзіндік техникалары да сақталып келе жатқан жоқ. Қала балалары асықты иіріп, шиіріп атуды білмейді. Тас лақтырғандай атып жібереді. Ал бір аяғыңды жерге тіреп, иіліп, созылып тұрып, екінші аяғыңмен ауаны сілкіп қалып асық ату да сақанның қандай қарқынды және пәрменді болатындығын қала балаларына түсіндіріп жатқан жан бар ма? Асық атудың осы бір техникасы боулинг шарын дұрыс лақтыру тәсіліне ұқсастау. Осылай талдай берсек, асық ойынының, асық атудың көптеген спорт түрлерінің өзіндік техникасына сәйкес келетіндігін байқауға болады», – деген болатын.

Аядай көше балалардың жарқын күлкісіне тұнып тұр. Бұл Жетісу ауданына қарасты №51 бөбекжай-балабақшасы. Балалардың ойыны қызып жатыр екен. – Енді сенің кезеңің... – Қап, шік түсті! – Алақай! Алшы түсті... Асық ойнаған балаларды көріп, ішім жылып қалды. – Менде ойнасам бола ма? – дедім қиылып. – Әрине, келіңіз. Лақтырған асығым тым алысқа кетті. – Сіз дұрыс көздемедіңіз. – Апай, оң аяқты сәл алдыға шығарып, деміңізді ішке тартыңыз... Ойын енді қыза бастағанда балаларды түскі асқа шақырды. Ал біз әңгімемізді балабақша меңгерушісі Фарида Қызырханқызымен жалғастырдық. – Балаларға оқу мен жазуды үйретуде әртүрлі педагогикалық әдістемелерді қолданамыз. Осы әдістемелердің түп-тамыры қайдан шыққан? Бәрі шетелдің өнімдері, қазаққа түк қатысы жоқ. Мысалы, «Көгілдір орман», «Монтесорри»... Абай мен Ыбырайдай ұлы тұлғаны тәрбиелеген қазақтың әдістемесі қайда? Осы сұрақтың төңірегінде ұзақ ойландым. Есіме асық түсті. Асық арқылы баланы жан-жақты дамытуға болады. Бұл орыс балабақшасы, қазақтан бөлек 25 ұлттың балалары бар...

Ұжымға жиналыс ашып, қазақтың ұлттық ойыны асықты таныстырдым. Оқу бағдарламасына кіргізетінімді айттым. Әр ұлттың өкілдері болғасын әртүрлі пікір болады. «Ісі шығады, балалар жұтып қояды, зиян» деді. Күресуге тура келді. Арнайы зертханаға өткізіп, «балаға ешқандай зияны жоқ» деген рұқсат алдық. Өйткені асық табиғи. Бала

---

жұтып қоятындай кішкентай емес. Екі сағат арнайы қоспада қайнатылған. Залалсыз бояумен боялған. «Балам сабақты жақсы оқымайды, ештеңеге зауқы жоқ» деп жиі айтамыз. Баланың қабілеті 2-3 жасында ашылады екен. Осы жаста барлық нәрсені тез қабылдайды. Мысал ретінде үш жасқа енді толатын баламды айтсам болады. Сөзді анық айтып, сөйлем құрайды. Балақайдың саусақпен көп жұмыс істегені дұрыс. Саусақ жиі қимылдаса, ми да белсенді болады. 2-3 жасында саусақ бұлшықеттері жақсы жұмыс істесе, жақсы мен жаманды тез қабылдайды. Ата-бабамыз асықты ойын ретінде қолданған. Ал біз баланы жан-жақты дамытудың көзі ретінде ұстадық. Мәселен, асықпен, қағазбен құмға сурет салады, құрастырғыш ретінде ойнайды. Асыққа әріп пен санды жаздық. Ойнайды. Әрі сөзді буынға бөліп оқиды, есеп шығарады. Екі жастағы бүлдіршіндер асықты жіпке өткізеді. Еліміздің бірнеше қаласына асықты түсіндіріп, үйрету үшін бардым. Таяуда Тараз қаласынан 15 балабақша меңгеруші келеді. Оларға асықпен жұмыс істеуді көрсетеміз. Аяғын дұрыс баспайтын, жалпақ табан балалар өте көп. Табан астында мидың жұмысына әсер ететін нүктелер бар. Арнайы денсаулық жолақшасын жасадық. Баланың аяқ өлшемін алып, оған асықты орналастырдық. Бала асықтың үстінен өткенде табан нүктелеріне тиіп, тітіркенеді. Денсаулық жолақшасы барлық топта бар. Шахмат тасын асықпен алмастырдық. Шертпе деген ойынды да асықпен ойнаймыз. Бас бармақтан кішкентай бөбекке дейін қозғалыста болады.

Балабақшада балаларды жасына қарай топқа бөлеміз. Асықты да баланың дамуына байланысты жасадық. Яғни, үлкен топтың балалары асықпен сурет салады, әріп таниды. Кіші топтың бүлдіршіндері құмда асықпен ойнайды. Қазір балабақшада үш жарым мың асық бар. Асықты бір жылдан аса уақыт жинадық. Фарида апай іс-тәжірибе алмасу үшін Жапониядағы атақты «Фудзи» балабақшасына барыпты. Асықты көріп, жапон халқы таңдай қағыпты. Беларусь елінен келген профессор таңдай қағып, еліне шақырыпты. – «Фудзи» әлемдегі құрылысы ерекше балабақшаның бірі. Олар ұлттық тәрбие беруге тырысады екен. Мемлекеттік және жекеменшік балабақшасын көрдім. Бақшаға 6 айдан бастап барады. Бөлмеге кірсең жарықтың өзі жанады, қолың тисе су ағады. Балаға ең алдымен амандасуды үйретеді. Таңертең міндетті түрде ата-анасымен амандасады. Балабақшаға кіргенде аяқ киімнің ізі бар әдемі шкаф тұр. Баланың етігі берілген ізден шығып кетпеу керек. Қақ ортасында тұру керек. Ол неге тәрбиелейді? Баланы тиянақты, ұқыпты, айтқанды орындайтын, тазалыққа тәрбиелейді. Мұғалімге деген құрмет, ізет ерекше екен. Өйткені ол баламен жұмыс істейді, болашақ ұрпақты тәрбиелеп отыр деген түсінік қалыптасқан. Еңбекақысы өте жоғары, үй-жаймен қамтамасыз етіледі. Жастар тәрбиеші, мұғалім болуға таласады екен. Себебі құрмет көрсетіледі, барлық жағдай жасалады. Балабақшада балалар сүрініп құлайтындай жайсыз бұрыштар бар. Себебін сұрағанымда, «Балаға жақсы тәрбие бергіңіз келе ме? Олай болса, балаңызға мәселе тауып беріңіз. Қиындықпен күресуді үйренсін. Құлап қалса, қайта тұруды білсін», – деді меңгеруші. Перде, төсек деген артық заттар жоқ. Тек баланың ойыншықтары мен тәрбиешінің көркемдік құралдары. Жапон балақайлары күніне алты шақырымда жаяу жүреді.

Әжемнің «Жетіге келгенде жерден 70 рет таяқ жейсін» деген сөзі есіме түсті. Біздің елде тәрбиешіге қойылатын талап өте күшті. Бала ойнап жүріп құласа, жауапқа тартуға асықпыз... – Балалардың қолынан телефон түспейді. Техниканың тілін білген жақсы. Бірақ денсаулықты, қоршаған ортаны естен шығармаған жөн. Бала асық ойнағанда бүкіл денесі қозғалады, бүгіледі, иіледі. Ең бастысы, ми жұмыс істейді. Балалармен сөйлеседі, бір-бірін сыйлап, күтуді үйренеді. Бұл шыдамдылыққа шындап, ұжыммен жұмыс істеуге

тәрбиелейді. Жеңіп алу, ұту, алға ұмтылу деген сезімді сезіндіреді. Көздің көруін жақсартады. Баланы физиологиялық, психологиялық жағынан дамытады. Бұл асықтың күдіреті. Тұрғындар біз үшін асық жинап жатыр. Жиналған 600 асықты өңдеуге жібердік. Асықтарға латын қарпін жазып, балаларға оқытудың жолын бастаймыз. Әке балаға дұрыс көңіл бөлмейді. Өйткені жұмыстан босамайды. Балабақша бұл тығырықтан шығудың жолын тауыпты. Әкесі мен баласына арналған «АсықParty» ұйымдастырыпты. – Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясында түрлі шаралар ұйымдастырылып жатыр. Мектепке дейінгі білім беру орындары асықты оқу бағдарламасына енгізуде. Мысалы, Атыраудағы балабақшаның бірінде балаларға қазақтың ұлттық ойыны асық атуды үйретеді екен. Асық ойнаған бала епті, ширақ келеді. Ойлау қабілетін дамытады. Әкелер арасында асық ату ойыны қызықты өтті. Әкелер жұмыстан кейін балаларымен бірге дайындалды. Бір қызығы, ұлты неміс пен орыс әкелер жеңіске жетті. Әке де, бала да риза болды.

Орта топтың балалары асық арқылы ою-өрнекті таниды екен. Ғазиза апай ою басылған кілемшені жайып, Әмина мен Арсенді шақырды. Дорбадағы түрлі-түсті асықты шашып жіберіп, қызыл түсті қошқар мүйіз бен сары түсті ирек оюды табындар деді. Арсен жылдам қимылдап, қызыл асықты жинап, оюдың бойына жинай білді. Бұл ойын баланың тіл байлығын дамытады екен. Балабақшадан ерекше көңіл-күймен шықтық. Көп ұлттың басын қосып, оларға қазақтың ұлттық ойынын үйретіп отырған ұжымға риза болдық. Тәрбиеші Ғазиза «Алғыр» деген ойын құрастырыпты. Ойын ережесі оңай екен. Ойнап көруге кеңес береміз. Ойынға 5 адам қатысады. Ортаға асық шеңберлене тізіледі. Қызыл, көк түске боялған екі ерекше асықты Хан асық дейміз. Әрбір ойыншының алдына төрт асықтан беріледі. Ойынның құрылысы бес тас ойынына ұқсайды. Ойыншы өз асығын жоғарыға лақтыра отырып, ортадағы асықты құлатпай жинауы керек. Егер асық уысынан шығып кетсе, ортаға өзінің асығын қосады. Ал хан асықты алса, әрбір ойыншы бір-бір асығын береді. Ойыншылар хан асықты алуға асығады. Себебі ұпайы көбейеді.

## **САМБО КҮРЕСІНІҢ БАЙ ӘДІС АЙЛАЛАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ**

### **Төрбеков Ербосын Кенжетайұлы**

Парасат колледжі. Дене тәрбиесі және спорт экономика кафедрасының меңгерушісі

Бұл орыстың «Самозащита без оружия» деген сөзінен шыққан. Самбо күресін «орыс елінің күресі» - деп те айтуға болады.

1938 жылы Ресей сопорттық күрес мамандарының Бүкілодақтық конферециясы өткізіліп, онда Самбо күресі әдістерінің атаулары мен әдістерін топқа бөлумен қатар, алғашқы күрес ережесі бекітілді.

1966 жылы Толидо қаласында (АҚШ) халықаралық әуесқой күрес федерациясының (ФША) конгресі өткізілді. Осы конгресте самбо күресі халықаралық спорт түрі деп жарияланып, Бүкілдүниежүзілік самбо комитеті құрылды. Оған самбо күресінің дамуы мен әлем құрлықтарын насихаттау жұмыстары тапсырылды.

1972 - 1973 жылдарды Рига қаласында (Латвия) Бірінші ашық Европа чемпионаты өткізілді.

1973 жылы Тегеранда (Иран) Бірінші Әлем чемпионаты өткізілді.

1985 жылы Бильбарда (Испания) Халықаралық әуесқой самбо федерациясы құрылды (ФИАС).

1977 жылы Овьедо қаласында (Испания) Әлем Кубогының бірінші турнирі өткізілді. Осы жарысқа Европа құрлығынан бұрынғы ССРО мемлекеті, Азия құрлығынан Жапон елі, Америка

---

құрлығынан Канада жарысты ұйымдастырушы және өткізуші Испания мемлекеті қатынасты. Жарыс қорытындысы бойынша 1 орынды ССРО, 2 орынды Испания, 3 орынды Жапония, 4 орынды Канада иеленді.

Жасөспірімдер арасындағы алғашқы біріншілік 1979 жылы Испанияның Мадрид қаласында өткізілді. Осы жарыста Монголияның, Болгарияның, Испанияның және Францияның жас самбошылары жақсы өнер көрсетті.

1983 жылы Мадрид қаласында әйелдер арасынан бірінші Әлем чемпионаты өткізіліп, оның қорытыадысы бойынша 1 орынды Испания, 2 орынды АҚШ, 3 орынды Венесуелла, 4 орынды Норвегия, 5 орынды Франция, 6 орынды Швейцария иемденеді.

Осы алғашқы жарысқа бұрынғы ССРО елінің әйелдер командасы қатынасқан жоқ, себебі ол кезде әйелдерге самбо күресімен шұғылдануға рұқсат жоқ еді.

Алғашқы өткізілген жарыстардың қорытындысы анықталғандай, самбо күресімен шұғылданатын палуандар дзю-до палуандарынан басым екендігін көрсетті.

1963 жылы ССРО мемлекетінің самбошыларынан жасақталған дзю-до командасы Женевада өткен Европа біріншілігінде бірінші орынды жеңіп алды да, ал 1965 жылы Мадрид қаласында өткізілген дзю-до күресінен Әлем біріншілігінде Жапон командасынан кейінгі екінші орынды иеленді.

1972 жылы өткізілген Европа құрлығының ашық чемпионатына ССРО, Болгария, Англия, Югославия, Иран, Исландия, Монголия, Жапония елдері қатынасты. Чемпиондықтарға ССРО палуандары В.Колленен, А.Хош, К.Герасимов, В.Невзоров, А.Федоров, Ч.Езерскач, С.Новиков, В.Кузнецовтар көтерілді.

Жеңімпаздар қатарына Жапондық Н.Нисинаиси және Н.Сато енді. Командалық орындар былайша анықталды: ССРО-1 орын, Жапония -2, Монголия -3, Болгария -4, Испания -5, Англия -6, Иран -7, Югославия -8.

Қазіргі кезеңде самбо күресі көптеген елге таралған. Оның күрес әдістері қарулы күштердің әскер даярлығында да кеңінен қолданылады.

Самбо күресі Қазақстанда 1950-60 жылдардан бастап дами бастады. Аз уақыттың ішінде самбо күресінен Қазақстан палуандары жақсы көрсеткіштерге жете бастады,

Қазақ елінен самбо күресі бойынша шыққан тұңғыш Әлем чемпионы жаңаарқалық Канат Байшолақов. Ол 1984 жылы Мадрид қаласында 48 кг салмақ дәрежесінде Әлем чемпионы атанса, Асқар Шайхиев 48 кг салмақта 1989 жылы Нью-Йорк қаласында Дүние жүзінің чемпионы, ал семейлік Бауыржан Садықанов 1993 жылы Омбыда өткен Әлем чемпионатында 52 кг салмақта жеңімпаз атанды.

Айтжан Шаңғараев 1984 жылы 48 кг салмақта Европа құрлығының алғашқы чемпионы болды.

Мен (Алмас Мұсабеков) Европа чемпионы атағын 1986 жылы алдым, ал 1987 жылы Канат Байшолақов жеңіп алды.

Қанат Байшолақов екеуіміз 1982 жылғы өткен Европа чемпионатының күміс жүлдегерлері болып оралдық.

1987 жылы Талғат Байшолақов Европа чемпионатының күміс жүлдегері болды.

1994 жылы Ғалымжан Сапарғалиев, Сәлкен Жартыбаев, Әлісұлтан Валабуев Европаның ашық чемпионатында қола жүлдегерлер атанды.

Айтжан Шаңғараев және мен ССРО чемпиондары атанған тұңғыш қазақ самбошылары болдық.

Айтжан Шаңғараев ССРО кубогын жеңіп алған бірінші қазақ самбошысы /1983/.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Ж.Байшолақов, А.Махмутов, С.Рамазанов, Ғ.Сапарғалиев, З.Шаймерденов, С.Жартыбаев, Б.Қоңырбаев, Ғ.Жылгелдиев, Р.Сейлханов, Ә.Валабуев, Б.Несіпкалиев, Б. Жетпісбаев, А.Нығметов сияқты палуандарымыз Азия чемпиондары атанды. Қазақстанда самбо күресінен әйелдер арасында жарыстар өткізіліп тұрады, біздің қыздарымыз Әлемде, Европада, Азия құрлығында жүлделі орындарға ие болып келеді.

Самбо күресі спорттық, әскери және өзін қорғау ретінде үш түрге бөлінеді. Әскери және өзін қорғау түріне қолмен және аяқпен ұру, тұншықтыру, саусақ пен омыртқаны бұрау, бағындыру

---

әдістері және одан қорғану түрлері, ал спорттық түріне түрегеліп тұрып әдіс арқылы лақтыру, жатып күресу, бағындыру мен қол аяқтың буындарын ауырту әдістерін қолдану еңгізілген. Самбокүресіне әдістердің 5 мыңнан асқан түрлері кіреді.

Самбо күресінде қолданылатын әдіс-айлалар төменгі күрес түрлерінен алынған: еркін күрес, греко-рим күресі, Жапондық-дзю-до, каратэ, айкидо, сумо, Қытайдың-ушу, конфу, шаолинь, Корейдің-тхэквандо, серум, Грузиннің-чидабоба, Өзбектің-кураш, Молдаванның-трынта, Тәжіктің-гушти, Армянның-кох, Туваның-кураш, Башқұрдың-гуркш, Қалмақтың-ноолдап, Азербайжанның-полеш, Түркіменнің-гуреш, Татардың-кураш, Қазақтың-күрес, Түріктің, Канарлықтың, Британдық, Испандық, Үнділік, Швейцарлық, Украиндық, Қырғыздық, Монғолдық, Адигейлік т.б. ұлттық күрес әдістері.

Самбо күресінде қолданылатын әдістер түрегеліп тұрып хәне жатық орындалатын деп екіге бөлінеді. Бұл күреске арнаулы тігілген киім киіледі.

Түрегеліп тұрып орындалатын әдістерге негізінен тобықтан қағу, ілу, алдан және арттан шалу, арқадан асыра лақтыру, аяқтан ұстау арқылы жығу т.б. әдістер енеді. Бұл әдістердің бір түрінің бірнеше орындалу тәсілдері және оған қарсы қолданылатын әдіс түрлері болады.

Жатып орындалатын әдістер түріне бағындыру, қол-аяқ буындарына жасалатын ауырту және аудару әдістерінің - түрлері қатады. Қол-аяқ буындарына жасалатын әдістер арқылы таза жеңіске жетуге болады.

Самбо күресі өзінің әдіс қолдану түрлері жағынан әлемдегі күрес түрлерінің ішіндегі ең көбі болып саналады. Әлгінде самбо күресінің спорттық түріне қоса әскери қолданбалы түрі бар деп айтқанбыз. Бұған қолмен және аяқпен ұру, қарудан қорғану, қылмыскерді ұстау, оны алып жүру кезінде қолданылатын әдіс түрлері енеді.

Жаңадан үйренушілер тобының саны 15-20 адам, ал спорттық разрядтары бар жаттығушылар саны 10-12 болуы керек. Егер осы мөлшерден артық болған жағдайда жаттықтырушы мен үйренушінің мүмкіндітерін толық пайдалану азаяды.

Жаттығушылар тобын іріктегенде ең алдымен туған жылдарына қарап, жас ереішіліктерін ескеру керек, одан кейін әр жаттығушыдан дене дайындығы мен мінез-құлқының ерекшелігінің ескерген жөн. Егер самбо күресімен айналыспас бұрын басқа спорт түрімен шұғылданған болса, онда ондай жаттығушылардың дене дайындығы басқаларға қарағанда жақсы болып келеді, сондықтан оларды жеке топқа бөлген дұрыс. Жаттығуды бастамас бұрын күреспен айналысқысы келгендер дәрігерлік анықтамадан өтулері қажет

Жаттығу орнына көлемі 24x18 шаршы метрден кем емес ғимарат қолайлы болып келеді, Едені ағаш тақтайдан болғаны жақсы. Қабырғаға жаттығу тренажерлары, арқан, айна, т.б. қажетті құрал-саймандар орнатылады: Штанга, зіл тас. гантель. ауыр доп, секіргіш жіп, салмақ өлшейтін кір, сағат, дәрігерлік дәрі-дәрмек, кварцті шам қажет. Кілем төселген жер таза әрі желдеткіші болуы тиіс, Жаттығатын жерге тек спорттық киіммен ғана кіреді.

Кілем көлемінің диаметрі 9 м, оның сыртында I м 20 см - ден I м 50 см-ге жетерлік қауіпсіздік алаңы болады, Тоғыз метрлік диаметрдің ішкі жағы жалпақтығы; I метрлік қызыл түске боялады. Кілемнің ішкі жұмыс алаңының диаметрі 7 метр болғаны дұрыс. Қызыл түске боялған жолақтың жалпақтығы 1 метр. Кілем ортасындағы шеңбердің диаметрі I метр. Кілемнің қалыңдығы 5 см, ол синтетикалық жұмсақ материалдан жасалады, Кілемнің үстін арнайы жамылғымен жабады.

Төреші столының сол жағындағы кілем бұрышын көк түспен, ал оң жағындағы бұрышы қызыл түспен баялады. Кілем сыртына қауіпсіздік мақсатында қосымша жұмсақ төсеніштер төселеді.

Самбошылар жаттықтырушы ұстаздың барлық нұсқауларын бұлжытпай орындауға және жаттығуға кешікпей келіп, денені қыздыру жаттығуларын орындауға міндетті. Денені алдағы тұрған жұмысқа дайындамаған жағдайда, жылдам жарақат алып қалу қаупі туады. Күрес әдісін орындауды түсіндіріп көрсету кезінде мұқият болған жөн. Ең алдымен қауіпсіздік шарттарын орындау қажет. Өзің және басқа жаттығушылар дұрыс құлай білуге жаттыққаннан кейін ғана күрес әдістерін үйренуге дағдылаң. Жаттығу үстінде ұстамды болуға қарсылас палуанды бағалап,

---

